



### БІЛІМ САПАСЫН ҚАЙТСЕК АРТТЫРАМЫЗ?

6-БЕТ | БІЛІМ



### ЕМІ ЕРЕКШЕ ЕМХАНА

8-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



### ТІЛЕНДИЕВ ТУЫНДЫЛАРЫ ӘУЕЛЕДІ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Еңбекқорлық, ұлттық мақтаныш, принциптілік, сайып келгенде, осы қасиеттердің бәрі де халықтың тұрмыс-салты мен ұлттық мінезінен шығады.

Шоқан УӘЛИХАНОВ

”

№144 (4732) Сейсенбі 3 желтоқсан 2024 жыл




# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## АСТАНА-МӘСКЕУ: КРЕАТИВТІ ҚАЛАЛАР

Астанада Мәскеу қаласының мәдениет күндері басталды. Кеше Мәскеу Үкіметінің министрі Сергей Черемин және Мәскеу қалалық Думасының төрағасы Алексей Шапошниковтың қатысуымен «Креативті қалалар Астана - Мәскеу» іскерлік форумы өтті. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов әлеужелідегі парақшасында ақпарат жариялады.

«Астана қаласы креативті индустрияны дамыту бойынша көшбасшы қалалардың бірі болып саналады. Бұл салаға 30-дан астам нысан кіреді, олардың ішінде концерттік іс-шараларды ұйымдастыру, көрмелер өткізу, музей мен театр қызметі, цирк өнері және IT саласының дамуы бар» деп жазды Е.Каналимов.

Ол креативті индустрияның дамуы Астана қаласының мәслихаты мен әкімдігі бекіткен мәдениет саласын дамытудың Кешенді жоспарына енгізілгенін атап өтті. «Үш жылға есептелген бұл құжатта мәдениет қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңмен арттыру, музейлер мен театрлардың құрылысы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу сияқты іс-шаралар бар. Кеше ғана елордада өткен «QARA Fogim»-ды айрықша атап айтуға болады. Форумның басты мақсаты – ел экономикасының бір бөлігі ретінде креативті индустрияға инвестиция тарту. Алқалы жиынның үш панельдік пікірталас сессиясына 60 спикер қатысты» деп түсіндірді мәслихат төрағасы.

4-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



## ЕЛОРДАНЫ ГАЗДАНДЫРУ - СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБА

Астана қаласының инфрақұрылымды жақсарту және халыққа қолайлы жағдай жасау жөніндегі стратегиясының маңызды бір бөлігі – газдандыру болып табылады. Жақында ғана елорданың «Үркер» тұрғын алабында 2024 жылға жоспарланған газ тарату желілерінің құрылысы аяқталды.

### ЖАҢА АВТОБУСТАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Астанадағы «Жорға МТ» жеке автобус паркі QazTehna ЖШС-ында шығарылған Yutong маркалы жаңа 30 автобуспен толықты.

«Жаңа автобустар №14, 53, 70 бағдарларының жылжымалы құрамын жаңартуға бағытталды және қазіргі уақытта олар желіге шығарылып, жұмыс істеуде» делінген СТС хабарламасында.

Биыл қаладағы №6, 14, 16, 43, 53, 70 бағдарларына қызмет көрсететін «Жорға МТ» ЖШС автобус паркі сатып алынған жаңа автобустар саны бойынша жеке автобус парктерінің арасында көшбасшы болды.



### ЖЕЛТОҚСАН

Биыл 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні дүйсенбіге сәйкес келеді. Сондықтан аптасына 5 күн жұмыс істейтіндер үшін 14, 15, 16 желтоқсан – демалыс күндері болады. Ал алты күн жұмыс істейтіндер үшін сенбі, 14 желтоқсан күні жұмыс күні ретінде бекітілген.

### ҚОСЫМША ПОЙИЗДАР ҚАТЫНАЙДЫ

«Жолаушылар тасымалы» компаниясы Тәуелсіздік күні мен Жаңа жыл мерекесіне орай қосымша пойыздарды іске қосады, деп хабарлады Elordainfo.kz.

Елордадан қосымша пойыздар келесі бағыттар бойынша қатынайды:

№201/202 «Астана – Алматы» пойызы 2024 жылдың 13, 16, 19, 22, 25, 28 желтоқсаны, 2025 жылдың 1, 4 қаңтар күндері, №203/204 «Астана – Шымкент» пойызы 2024 жылдың 13, 17, 20, 23, 26, 29 желтоқсаны, 2025 жылдың 1, 4 қаңтар күндері, №205/206 «Астана – Ақтөбе» пойызы: 2024 жылдың 14, 18,

21, 24, 27, 30 желтоқсаны, 2025 жылдың 3, 6 қаңтар күндері жүреді.

Сондай-ақ 13 желтоқсаннан бастап қосымша электр пойыздары іске қосылады: «Қарағанды – Астана – Бурабай курорты» электрпойызы жұма, сенбі және жексенбі күндері қатынайды. «Павлодар – Астана – Бурабай курорты» электрпойызы аптасына үш рет, яғни жұма, сенбі және жексенбі күндері қатынайды.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 540.05 \$ USD/KZT 511.22 ₰ RUB/KZT 4.73 ¥ CNY/KZT 70.61

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## ЕЛШІНІ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы елшісі Чжан Сяоны қабылдады. Әңгімелесу барысында Президент Қазақстан мен Қытайды ғасырларға ұласқан берік достық пен тату көршілік қатынастар байланыстыратынын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, өзара сенім мен құрметке негізделген тиімді ынтымақтастықтың нығаюына екі тарап та үлес қосып келеді.

Мемлекет басшысы бүгінде Қазақстан мен Қытайдың ықпалдастығы қарқынды әрі сан қырлы сипат алғанын айтты. Екі ел арасында белсенді саяси диалог қалыптасты, сауда-экономикалық әріптестік өркендеді, мәдени байланыстар жанданды және білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобалардың саны артты. Қауіпсіздік саласында, әсіресе, «үш зұлым күшке»

қарсы күрес бағытында тығыз ынтымақтастық орнаған. Бұдан бөлек, елдеріміздің БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК аясындағы, сондай-ақ «Орталық Азия – Қытай» форматындағы халықаралық байланыстары белсенді өрбіп келеді. Президенттің айтуынша, Қазақстан мен Қытай тату көршілік қарым-қатынастың нағыз үлгісін көрсетіп отыр.

Өз кезегінде Қытай елшісі

Чжан Сяо Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Бейжіңнің жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан әрі дамытуға бейіл екенін растады. Мемлекет басшысы Чжан Сяоның қазақ-қытай достығын табысты дамытуға, мемлекетаралық байланыстарды тереңдетуге қосқан үлесін жоғары бағалап, II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

## МИНИСТРЛІКТІҢ ЖҰМЫСЫН БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваны қабылдады. Президентке министрліктің мәдениет, ақпарат, азаматтық қоғам, дін, этносаралық қатынас, жастар саясаты, креативті индустрия, отбасы-демографиялық саясат, мұрағат және кітапхана ісі салаларында биылғы атқарған іс-шаралары, сондай-ақ ведомствоның 2025 жылға арналған перспективті жоспарларын жүзеге асыруға дайындығы жөнінде мәлімет берілді.

Аида Балаеваның айтуынша, биыл алғаш рет қазақ өнері әлемге әйгілі арт-ақпарат, атап айтқанда, Венеция биенналесінде, Гиме Азия өнері музейінде таныстырылды. Қазақстанның баспа өнімдері Франкфурт кітап жәрмеңкесінде көрсетілді. Сегіз тілде Qazaq culture ақпарат-

әзірлеу бағытында атқарған жұмысы туралы баяндалды. Атап айтқанда, биыл елімізде журналистердің мәртебесін арттыруды көздейтін жаңа БАҚ туралы заң қабылданды. «Қазақфильм» киностудиясын тікелей қаржыландыруды қарастыратын заңнамалық өзгерістер

Аида Балаева креативті индустрияны қолдау іс-шаралары әзірленгенін жеткізді. Олардың қатарында Креативті индустрия қорын құру, орталық және жергілікті атқарушы органдардың құзыретін кеңейту бастамалары бар. Креативті индустрия субъектілеріне арнайы салық



тық-ағартушылық платформасын іске қосу еліміздің тарихын, мәдениетін және салт-дәстүрін дәріптеу тұрғысынан маңызды жобаға айналды. Бұдан бөлек, Астанада өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу және жабылу салтанаты айтулы мәдени-бұқаралық іс-шара ретінде бағаланды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа министрліктің заң жобаларын

Парламент қарауына ұсынылды.

Мемлекет басшысына еріктілер қозғалысын дамыту шаралары жөнінде есеп берілді. Министрдің айтуынша, 2022 жылмен салыстырғанда, белсенді еріктілер саны 240 мың адамға дейін артты. Жыл сайын 50-ден астам волонтерлік жоба жүзеге асырылады, сондай-ақ 7 қазақстандық ерікті БҰҰ құрылымдарына жіберілді.

режимі енгізілді. Жыл басынан бері елімізде 10 креативті орталық пен хаб ашылды.

Кездесу соңында Президент келесі жылы өтетін Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі секілді мерейтойлық әрі маңызды іс-шараларға дайындық барысын жіті бақылауға алуды тапсырды.

## ТЕХНОПАРКТЕГІ ЖОБАЛАРМЕН ТАНЫСТЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов NU, НЗМ және «Назарбаев қоры» Жоғары қамқоршылық кеңесінің отырысын өткізді. Университет жанындағы технопарктегі жобалармен танысты. Атқарылған жұмыстар туралы есеп тыңдалып, одан әрі даму жоспарлары қаралды.

NU президенті Вакар Ахмад университет Орталық Азия аймағындағы жетекші жоғары білім беру, зерттеу және инновация мекемелерінің бірі екенін айтты. 2011 жылдан бастап 360-қа жуық ғылыми жоба, 9 мыңнан астам жарияланым, 500-ден астам стартап ұсынылды. Адами капиталды дамытуға қосқан үлесі жоғары жұмыспен қамтылуымен сипатталады – 2015 жылдан бастап түлектердің шамамен 95%-ы жақсы жұмысқа орналасады немесе оқуын жалғастырады. Отырыста ТМД елдері арасында үздік 2 және Times Higher World University Rankings үздік 300 рейтингіне кіру мақсатына қол жеткізу үшін NU білім беру сапасы мен тиімділігін арттыру бойынша тәсілдер көрсетілді.

Орта білім беруді дамыту мәселелері бойынша НЗМ басқарма төрағасы Әнуар Жанғозин сөз сөйледі. Бүгінгі таңда «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында НЗМ қолдауымен 135 өңірлік білім беру ұйымдары қамтылды, 583 маман даярланды, олар кейіннен ауыл мектептерінің директоры болды. Алдағы жылы ауылдарда тағы 200 тірек мектепті дамыту жоспарлануда.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен мүшелері ағымдағы күн тәртібін ескере отырып, білім беру сапасын арттыру, әкімшілік және бюджеттік процестерді жетілдіру жөніндегі NU және НЗМ жоспарларына қатысты бірқатар мәселелерді айтты.

NU университеті жанындағы тех-

нопаркке барған кезде Премьер-министр Олжас Бектенов ЖОО зерттеушілері іске асыратын және ғылыми шешімдерді коммерцияландыруға бағытталған денсаулық сақтау және ЖИ, тау-кен металлургия салаларын дамыту салаларындағы озық ғылыми әзірлемелермен танысты.

Премьер-министрге бүгінгі таңда ауданы 3 мың шаршы метр технопарк аумағында 32 қазақстандық компания жұмыс істейтіні, тәжірибелік-эксперименттік цех, цифрлық прототиптеу зертханасы жұмыс істейтіні, арнайы экономикалық аймақ режимінің мүмкіндіктері берілетіні баяндалды. Ғылыми жобалардың басшылары индустриялық серіктестермен бірлесіп өз өнімдерін көрсетті және Премьер-министрдің әзірлемелерді коммерцияландыру және ілгерілету бойынша бұған дейін қойған міндеттеріне қол жеткізу әрекеттері туралы хабарлады. Әрбір жоба технологиялардың дайындық деңгейіне сәйкес TRL шкаласы бойынша 0-ден 9-ға дейінгі балмен бағаланады.

Бірқатар әзірлемелер барынша бағаланды: Codriplay білім беру IT-жобасы, тау-кен металлургия секторына арналған Smartview Innovation стартапы және ИHT Central Asia медициналық бұйымдар жасау кәсіпорны. Оқушылардың цифрлық дағдыларын дамытуға бағытталған қазақстандық Codriplay стартап-жобасы қазіргі уақытта Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Сауд Арабиясы, Түркия, Әзербайжанды қоса алғанда, 10 елдегі 450-ден астам

оқу орындарын қамтиды. Еліміздің мектептерінде технологияны енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Жыл соңына дейін Түркістан облысының 10 білім беру ұйымы Codriplay экожүйесіне қосылып, кейіннен 2025 жылы тағы 60 мекемеге, оның ішінде Ақтөбе және Қарағанды облыстарында кеңейтілетін болады. Олжас Бектенов Оқу-ағарту министрлігіне жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп мектептерде Codriplay әзірлемелерін белсенді енгізуді тапсырды, бұл оқушыларды прототиптер арқылы цифрлық инновацияларға тиімдірек оқытуға мүмкіндік береді. Жоба Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының мақұлдауына ие болды, ал компанияның өнімі – CODITEACH UNICEF цифрлық қоғамдық игілік (Digital public Good) деп танылды, бұл халықаралық нарықтарға шығу үшін қосымша мүмкіндіктер туғызады.

«Smartview Innovation» ЖШС стартапы пайдалы қазбаларды өндіру тиімділігін арттыруға бағытталған. Жаңа технология кеңейтуді жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта пилоттық жоба Түркістан облысында Central Asia Mining Со-мен бірге жүзеге асырылып жатқаны, қосымша серіктес іздестірілуде екені айтылды. Стартапты Ресей, Канада, Австралия және АҚШ сияқты халықаралық нарықтарға кеңейту жоспарланып отыр.

ИHT Central Asia жобасы медициналық бұйымдарды әзірлеуге және өндіруге маманданған. Қазақстандық испандық кәсіпорын биыл 4 мыңнан астам өнім түрін шығарды, олардың ішінде миокард инфарктісі мен жүректің ишемиялық ауруын емдеу кезінде көмектесетін коронарлық стенттер мен катетерлер



бар. Компания технопаркпен бірлескен зерттеулер мен әзірлемелер орталығын ашу, отандық тігін материалын өндіру бойынша фабриканы іске қосу және «СК-Фармациямен» ынтымақтастықты кеңейтуді жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта кәсіпорын өз өнімдерін Қырғызстанға экспорттайды және 7 елге шығуды жоспарлап отыр. Премьер-министр Денсаулық сақтау министрлігіне отандық өндірушілерге жәрдемдесу үшін «СК-Фармация» және Дәрілік заттарды сараптаудың ұлттық орталығымен жұмыс жүргізуді тапсырды. Өз кезегінде Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің алдына отандық тауар өндірушілерді экспорттық қолдау шараларымен қамтуды кеңейту міндеті қойылды.

Премьер-министрге тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарды оңалту үшін экоқазақалар өндірісін іске қосу, клиникаға дейінгі кезеңде донорлық органды ұзақ мерзімді тасымалдау жүйесін, қатерлі ісікке қарсы жаңа препаратты әзірлеу бойынша жобалар таныстырылды. Әзірлемелер клиникалық сынақтың әртүрлі кезеңдерінде. Трансплантология саласындағы жоба

бойынша Олжас Бектенов ел тұрғындары арасында өсіп келе жатқан қажеттілікті ескере отырып, қазіргі заманғы медицинаның барлық талаптарына сай болған жағдайда сертификат алу рәсімін жеделдетуді тапсырды. University Medical Center корпоративтік қорының басқарма төрағасы, кардиохирург Юрий Пя әзірлеудің бірегейлігі оқшаланған органды 24 сағаттан астам уақыт бойы сақтап қана қоймай, оның жай-күйін емдеуді, бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігінде, атап айтқанда, дәрігерлерге ультрадыбыстық, тамыршілік зерттеулер сияқты рәсімдер қолжетімді болатынына тоқталды.

Су ресурстарын басқаруда жасанды интеллектті пайдалану, металдарды терең өңдеу саласындағы бірқатар жобалар бойынша бүгінгі таңда индустриялық серіктестерді анықтау үшін келіссөз жүргізілуде, өндірістерді дамыту бойынша егжей-тегжейлі жоспарлар әзірленуде. Сонымен қатар Премьер-министрге ақпараттық технологиялар, медицина, робототехника, жасанды интеллект, энергетика, білім беру салаларындағы коммерциялық әлеуеті бар 10 жаңа әзірлеу таныстырылды.

## САЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның көшпелі отырысы өтті. Жиынға палата төрағасы Айдос Сарым жетекшілік етіп, Мәжіліс вице-спикері Дания Еспаева мен бизнес-қоғамдастық өкілдері қатысты.

Олар жаңа Салық кодексінің жобасын талқылады. Отырысқа Қоғамдық палата мүшелерімен қатар Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, мүдделі мемлекеттік органдардың, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері, кәсіпкерлер мен сарапшылар қатысты.

Айдос Сарым Салық кодексінің жобасын талқылауға арналған жиынды Алматы қаласында өткізудің маңыздылығына тоқталып, мұнда барлық деңгейдегі бизнес шоғырланғанын және кәсіпкерлер белсенді жұмыс істейтінін атап өтті. Сондай-ақ ол Мемлекет басшысы Қыркүйектегі Жолдауында салық заңнамасы мәселелерін Үкімет

нistrлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Жәнібек Нұржанов салықтық әкімшілендірудің сервистік моделі деп аталатын түрі енгізіліп, салық есептілігі қысқартылып, адал салық төлеушілерге бақылау азиятынын атап өтті. Салық тәуекелдерін басқару, қосымша құн салығын әкімшілендіру, мәжбүрлеп өндіріп алу, кейінге қалдыру және бөліп төлеу жоспарларын ұсыну және басқа да ережелер қамтылған.

Талқылау барысында Мәжіліс депутаты, кодекс жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі Берік Бейсеналиев, сарапшылар Ерлан Смайлыв пен Наталья Маярчук, бизнес-қоғамдастық өкілдері мен сарапшылар өз

талған заңнамалық түзетулерге алаңдаулы. «Альянс Марко» ЖШС директоры Оксана Марченконың айтуынша, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, салық органы камералық тексеру туралы хабарламаны орындалмаған деп жариялаған кезде тиісті шешім қабылдауға міндетті, бірақ Салық кодексінің жобасында бұл норманы алып тастау ұсынылып отыр. Сарапшылар мұның тиімсіздігін байқап отыр, өйткені салық төлеуші бұдан былай камералық бақылау нәтижелері туралы толық әрі сенімді ақпарат ала алмайды және әкімшілік актіге сотта наразылық білдіру мүмкіндігінен айырылады.

Кәсіпкерлер өз сөздерінде басқа да өзекті мәселелерге



пен Парламентте жан-жақты талқылап, қажетті шешімдер шығаруды тапсырғанын еске салды. «Қыркүйек айынан бастап Мәжіліс жаңа Салық кодексінің жобасын әзірлеп жатыр. Оның танымталдығы кезінде қызу талқылау болды. Әрине, түрлі платформадағы талқылауларға, сарапшылардың ұсыныстарына қарамастан, жоба әлі де біз ойлағандай деңгейге жетпей жатыр, толық пісіп-жетілуі керек» деді А.Сарым.

Депутат түзету енгізе бермейтін, болашақта тұрақты жұмыс істейтін кодексті қабылдау міндеті тұрғанын атап өтті. Ол кәсіпкерлерді ашық жұмыс істеуге, салық төлеуге мәжбүрлемей, ынталандыру қажет. Бұл ретте оның басты міндеті «салықты төлеу оны төлемеуден арзанырақ» болуы керек.

Ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин жаңа Салық кодексі жобасының салық саясаты бөлігінде негізгі бағыттары туралы ақпарат берді. Ол бұл жоба салық төлемдерін азайтуға, салық жеңілдіктерін оңтайландыруға, корпоративті табыс салығы мөлшерлемесін саралауға және арнайы салық режимдерін реформалауға бағытталғанын айтты. Сондай-ақ жекелеген нормативтік құқықтық актілерде жер қойнауын пайдаланушылар мен жеке тұлғалар үшін инвестицияларды ынталандыру және салықтық реттеу қарастырылған.

Сонымен қатар Қаржы ми-

ұсыныстарымен бөлісті.

«Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі Тимур Жәрікенов өз сөзінде жаңа Салық кодексінің жобасын әзірлеу және талқылау барысында кәсіпкерлер мен Үкімет ұстанымдарының келіспеген тұстарына тоқталды. Атап айтқанда, ол әлеуметтік сала ұйымдары, медицина, сондай-ақ тұрғын үй жылжымайтын мүлкі бастапқы сату бойынша құрылыс салушылар үшін қосымша құн салығынан босату жеңілдіктерін сақтауды ұсынды. «Салық кодексінің жобасында кез келген нысандағы дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде ғана оларды өндіруге арналған материалдар мен жинақтаушы бұйымдарды сатуды және әкелуді қосымша құн салығын төлеуден босату бойынша шектеулер қарастырылған. Бұл ретте коммерциялық сегментте сатылатын дәрі-дәрмектерге қосымша құн салығы салынады. Ұсынылып отырған ереже тұтынушылар арасындағы теңгерімсіздікке, халық шығынының артуына және дәрі-дәрмек тапшылығы қаупіне әкеледі» деді Тимур Жәрікенов.

Жиын барысында кәсіпкерлердің де пікірлері тыңдалды. Олар өздеріне таныс әрі қолайлы нормаларды алып тастауға бағыт-

тоқталды. Айдос Сарым айтылған ұсыныстар Салық кодексінің жобасы бойынша алдағы жұмыс барысында Мәжілісте қаралатынын атап өтті. Сондай-ақ ол мәслихат депутаттарын Салық кодексінің жобасын бойынша Қоғамдық палата мүшелерімен пікір алмасуға және кәсіби ұсынымдар беруге шақырды, өйткені олардың Мәжілісте қаралып жатқан заң жобалары бойынша жұмыс топтарына ұсыныстар енгізуге мүмкіндіктері бар.

Сонында вице-спикер Дания Еспаева жалпы Салық кодексінің жобасын талқылауға және жиынға белсенді қатысқаны үшін мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдеріне алғысын білдірді. «Салықты азайту немесе жаңа салықтар енгізуден бас тарту туралы ұсыныстар жасалды. Дегенмен күні кеше біз былығы жөне алдағы үш жылдық бюджетке өзгерістер мен толықтыруларды қарастырығанымызды ұмытпауымыз керек және қандай тапшылық бар екенін көріп отырмыз. Бюджетті толықтыру әдістерінің бірі – салық базасын ұлғайту. Сондықтан мен қатысушыларды, әсіресе сарапшыларды бюджет кірістерін ұлғайту мәселесінде мемлекеттің ұстанымын ескеруді сұраймын. Өйткені бүгінде шығыстардың 40 пайызы әлеуметтік салаға тиесілі. Бұл дегеніміз – жалақы, зейнетақы, білім беру, денсаулық сақтау және олар жыл сайын өсіп келеді» деді Мәжілістің вице-спикері.



## БАСТАМАЛАРЫН ОРТАҒА САЛДЫ

«Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобы Достық үйінде «Этножурналистиканы және шетелдегі қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарды мемлекеттік қолдау» тақырыбына арналған отырыс өткізді.

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп отырысты ашып, бұл жиын VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің үшінші сессиясы кезіндегі депутаттық топтың алғашқы кездесуі екенін атап өтті. Нұртөре Жүсіп өз сөзінде шетелдегі этномадени журналистика мен қазақ тілді БАҚ-тарды қолдаудың маңыздылығына тоқталды.

«Этножурналистика мен шетелдегі қазақ тілді БАҚ-ты қолдау мәселесі өте маңызды. Олар

отандастарымызбен байланысты нығайтуда, мәдениетімізді, тіліміз бен дәстүрімізді сақтау және ілгерілетуде шешуші рөл атқарады» деп атап өтті сенатор.

Парламентшілер жиын барысында сарапшылардың баяндамалары мен пікірлерін тыңдады. Онда этножурналистиканы мемлекеттік қолдау тетіктерін әзірлеу, шетелде қазақ тілді медианың жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай жасау, жаһандану барысында ұлттық ерекшелік пен тіл дәстүрін сақтаудың маңыз-

дылығы туралы мәселелер көтерілді.

Отырыста сондай-ақ шетелдегі қазақ тілді медианы ақпараттық қолдауды одан әрі нығайту үшін нақты ұсыныстар мен бастамалар туралы айтылды. Ортақ пікірлестік тұрғысында өткен отырыста қатысушылар қойылған міндеттерді іске асыруға мүдделі екенін нақтылады. Кездесу қорытындысы бойынша заңнамалық деңгейде одан әрі пысықтау үшін ұсыныстар дайындау жоспарланып отыр.

## ЗАҢСЫЗ МИГРАНТТАРДЫҢ ЖОЛЫН КЕСУ КЕРЕК

Қазақстан жағрапиялық жағдайына орай, заңсыз көші-қонның трансұлттық арналар санатында екені аян. Бүгінде елімізде ресми мәлімет бойынша 300 мыңға жуық еңбек иммигранттары бар.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегі бойынша қазір тек 13,2 мың шетел азаматы ресми түрде жұмыс істейді. Ал Бас прокуратура мәліметі бойынша тек биылдың өзінде 82,2 мың шетелдік әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Ал 965 шетелдік қылмыс жасаған. Сонымен қатар, шетелдік жұмыс күшін заңсыз пайдаланғаны үшін 1,2 мың жұмыс беруші әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Еңбек мигранттарының дерлігінде жұмысқа шақыру рұқсат қағазы жоқ.

Сондай-ақ Бас прокуратура дерегі бойынша, Жамбыл облысында шекараны заңсыз кесіп өткен 20 пәкістандық ұсталса, Қарағанды облысында жалған еңбек шартын, медициналық анықтамаларды жасап, заңсыз есепке қойған халыққа қызмет көрсету орталықтары мен емдеу мекемелерінің қызметкерлері тұратын қылмыстық топ әшке-реленген. Прокурорлар жалған мекенжайлар мен «реңеңке» пәтерлерде тіркелген 22 мың шетелдікті анықтады. Астанадағы тек бір ғана отбасы тұрған пәтерге 937 шетелдік тіркелсе, Алматы облысында осындай 13 мың факті тіркелген. Мұндай тексерулер Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстардың әр аудан-ауыл жіті жүргізілсе, бұл көрсеткіштер еселеп өсуі әбден мүмкін. Халықаралық миграция Ұйымы есебіне, жыл сайын Қазақстанға 3,7 млн-нан аса шетел азаматтары әртүрлі себептермен келеді, олардың қаншасы Қазақстанда қалып, қаншасы кетіп жатқанын ешкім нақты айта алмайды.

Заңды және заңсыз мигранттардың Алматы, Астана, Шымкент және Маңғыстау облыстарында жинақталуы әлеуметтік-экономикалық ғана



емес, қауіпсіздік мәселелерінің туындауына әкелуі мүмкін. Миграция ағынының күшеюі жағдайында көші-қонды бақылап қана қоймай, елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал ететіндей бағыттау қажет. Елімізде бүгінге дейін арнайы қабылданған Тұжырымдамаға сәйкес, көп шаралар қолға алынды. Бірқатар заңдар қабылданды. Дегенмен, әшкереленген және әзірге анықталмаған әкімшілік және қылмыстық фактілер әлі де бұл бағыттағы жұмыстардың жеткіліксіз екенін көрсетеді. Ведомствоаралық шекара қызметі, құқық қорғау органдары, жергілікті атқарушы билік арасында бірлесе жүйелі толыққанды жұмыстың жоқтығын да айғайлайды. Осы орайда ұсыныстар:

Біріншіден, Еуропа елдеріндегідей біліктілігі жоқ жұмыс күшін әкелуге тыйым болмаса да, шектеуді күшейту. Көлеңкелі еңбек нарығын реттеудің жаңа легализациялау тәсілдерін ойластыру. Заңсыз келген мигранттың белгілі бір көлемде айыппұл төлеп, заңды жұмысқа түру мүмкіндігін қарастыру.

Екіншіден, заңсыз миграцияның алдын алу үшін шекара бекеттерін күшейтіп, жоғары технологиялы құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету,

дактилоскопия, көз қарашығын сканерлеу арқылы мигранттардың цифрлық профилін, ел ішінде қозғалысы мен геолокациясы, сондай-ақ олардың кету күні, орны және бағыты туралы хабарлама алып тұру, ақпараттық деректер базасын құруды қарастыру;

Үшіншіден, заңсыз көші-қон мен адам саудасын ұйымдастырушыларға, жалған құжат және әзірге анықталмаған әкімшілік және қылмыстық фактілер әлі де бұл бағыттағы жұмыстардың жеткіліксіз екенін көрсетеді. Ведомствоаралық шекара қызметі, құқық қорғау органдары, жергілікті атқарушы билік арасында бірлесе жүйелі толыққанды жұмыстың жоқтығын да айғайлайды. Осы орайда ұсыныстар:

Біріншіден, Еуропа елдеріндегідей біліктілігі жоқ жұмыс күшін әкелуге тыйым болмаса да, шектеуді күшейту. Көлеңкелі еңбек нарығын реттеудің жаңа легализациялау тәсілдерін ойластыру. Заңсыз келген мигранттың белгілі бір көлемде айыппұл төлеп, заңды жұмысқа түру мүмкіндігін қарастыру.

Екіншіден, заңсыз миграцияның алдын алу үшін шекара бекеттерін күшейтіп, жоғары технологиялы құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету,

**Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,**  
Сенат депутаты

## ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БОЛАДЫ?

Жазғы дөңгелекті қысқыға ауыстырмағандарға 18 мыңнан 36 мың теңгеге дейін айыппұл салынады. Бұл талап 2025 жылғы 1 наурызға дейін сақталады.

Қазақстан шетелдіктерге қойылатын талапты күшейтті. Елде тұруға рұқсат беру үшін міндетті құжаттар тізбесі жаңартылды. Кейбір ұялы байланыс операторларының тарифі қымбаттайды. Соның ішінде, Activ және Beeline бағасы орта есеппен 400, 1000

теңгеге көтеріледі. Мас күйінде және жүргізуші куәлігін көрсетпеген адамдар жеті жыл бойы жүргізуші куәлігін алуға қажетті емтиханды тапсыра алмайды. Медициналық тексерістен бас тартқан көлік жүргізушілерге де тура сондай жаза қолданылады. Халықаралық

және республикалық тас жолда жылдамдықты асырғандар 18 мыңнан бастап 150 мың теңгеге дейін айыппұл төлейді. Енді үш жыл толмаған темір тұлпарларды көлік түрін бекіту құжатында ресми тізімге алынған адамдар ғана жеткізе алады.

№144 (4732) 03/12/2024 Сейсенбі

## АСТАНАДА 170 АУЛА АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

Бұл туралы қала әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

Аманат партиясының елордалық филиалының базасында азаматтарды қабылдады. Тұрғындар негізінен баспана, әлеуметтік нысандар салу, абаттандыру, медициналық көмек, әлеуметтік көмек және тағы басқа мәселелер бойынша жүгінеді. Мәселен, тұрғын үй мәселесі бойынша бірнеше бағытта жұмыс жүріп жатыр. Нақтырақ айтқанда, кезекте тұрғындарға арналған әлеуметтік пәтерлердің құрылысы, апатты жағдайдағы әрі тозығы жеткен тұрғын үйлерді бұзу, құрылысы ұзаққа созылған тұрғын үй кешендерін аяқтау, көппәтерлі тұрғын үй кешендерін жөндеу» деп жазды әкім.

Сондай-ақ шаһар басшысы азаматтарды қабылдауда көтерілген мәселелерді назарда ұстайтынын айтты. «Биыл апатты тұрғын үйлерден 4



мың 200-ден астам тұрғынды көшірді, сол сияқты құрылысы ұзаққа созылған кезекті 8 тұрғын үй кешенін аяқтауды жоспарлап отырмыз. Бұған қоса, әлеуметтік нысандар (мектептер, спорт және медициналық ны-

сандар) құрылысының көлемі арты. Сондай-ақ биыл 170 аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Азаматтарды қабылдауда көтерілген мәселелерді назарда ұстаймыз» деп сөзін түйіндеді Жеңіс Қасымбек.

## КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сарыарқа ауданының абаттандыру және даму мәселелері бойынша жиын өтіп, күн тәртібінде келелі мәселелер талқыланды. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.



«Биылғы жылы 255 аула аумағында, сондай-ақ «Көктал» саябағында және оған іргелес орналасқан скверлерде жөндеу-қалпына келтіру жұ-

мыстары жүргізілді. Ауданның көше желісінің жалпы ұзындығы – 314 шақырым. Оның 268 көшесінде (284 км, 93%) асфальт жабыны бар, ал 47

көшесінде (18 км, 7%) асфальт төселмеген» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

Ол ауданда жедел шешуді қажет ететін мынадай мәселелерді атап айтты: су құбырлары желілерінің қанағаттанарлықсыз жағдайы; кәріз жүйесінің тозуы; электр беру желілерінің ескіруі; кабельдік желілердің жұмысына қатысты ақаулар; қоқыс шығаруды, оның ішінде құрылыс қалдықтарын шығару жүйесін оңтайландыру қажеттілігі; контейнерлік аландарды жаңғырту; ауданның сәндік жарықтандыруы үшін бірыңғай формат пен жарық түс гаммасын әзірлеу. «Барлық аталған мәселелерді жан-жақты зерделеп, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларына енгізу қажет» деп сөзін түйіндеді мәслихат төрағасы.

## АЛМАТЫ АУДАНЫ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Партияның дәстүрлі күнінде Алматы ауданының даму жоспарлары талқыланды. Бұл туралы қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Аудан жақында екі әкімшілік аумақтық бірлікке бөлінді. Негізгі мәселелердің бірі – аула аумақтарының жағдайы. Алматы ауданында 324 ауланың 80-і күрделі жөндеуді қажет етеді. 2024 жылы 50 ауланы абаттандыру жоспарланған, ал 2025 жылы тағы 17 ауланы жақсарту көзделіп отыр. Көше инфрақұрылымы да талқыланған маңызды тақы-

рыптардың бірі болды» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

«Ауданның жүйелі мәселелерінің ішінде негізгілері мыналар: жол жабыны мен тротуарлардың зақымдануы, автобус аядамаларының тиісті жағдайда болмауы, кешкі уақытта жарықтандырудың жеткіліксіздігі, қатты тұрмыстық қалдықтарды

шығарудағы қиындықтар мен қоқыс контейнерлерінің тапшылығы, су жабдықтау жүйесіндегі үзілістерге қатысты шағымдар, жолдарды және тротуарларды жөндеуді сапалы орындау үшін бақылауды күшейту, қалдықтарды шығаруды оңтайландыру, қосымша қоқыс контейнерлерін орнату, су құбыры желілерін жаңғырту және ағымдағы ақауларды жою. Бұл мәселелердің шешілуі ауданның инфрақұрылымын жақсартуға және тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған» деп түсіндірді мәслихат төрағасы.

## КРЕАТИВ ХАБТА КӨРМЕ АШЫЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Елордада Мәскеу қаласының мәдениет күндері аясында Мәскеу Үкіметінің министрі Сергей Черемин астанадағы «Özgeerіc» креатив хабына барып аралап көріп, ондағы қазақтың мәдени көрмесімен танысып, сондай-ақ Мәскеу қолөнершілері мен суретшілері салған дүниелерді көзден көшірді.

– Біз – ең үлкен астанадағы креативті орталықтардың біріміз. Ал Астана – Мәскеу форумы аясында келген қонақтар біздің үш қабатты орталығымыздағы түрлі сала бойынша істеліп жатқан жұмысымызды көріп, оң бағасын беріп отыр. Бұл біздің халықаралық деңгейге көтерілгенімізді көрсетсе керек. Әрі біз үшін өзімізде барды басқаларға көрсету және басқалардың артықшылықтарын өзімізге алып келу үлкен тәжірибе, – деп атап өтті «Özgeerіc» креатив хабының құрушысы Тоғжан Құрманжанқызы.



Smart Astana қосымшасы көлік, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және коммуналдық қызметтерді қамтитын 70-тен астам қалалық сервисті біріктіреді.

## SMART ASTANA-НЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ

Қосымша көмегімен пайдаланушылар нақты уақыт режимінде қоғамдық көліктің қозғалысын, халықаралық және ішкі рейстердің ұшу жағдайын бақылай алады, пойыздардың және қалааралық автобустардың кестесімен таныса алады.

Елорданың автокөлік иелеріне арналған қосымшада ақылы автотұрақтарды іздеу және ыңғайлы форматта тұрақ орындарына ақы төлеу функциялары қарастырылған. Қосымша медициналық қызметтерге қол жеткізу қызметтерін ұсынады. Мысалы, дәрігердің қабылдауына онлайн жазылу, дәрігерді үйге шақыру және байланыс дерегі мен мекенжайы бар қаланың медициналық мекемелері туралы ақпарат алу мүмкіндігі. Бұл халық үшін медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді.

Smart Astana мобильді қосымшасында қала тұрғындарына сыбайлас жемқорлық жағдайлары туралы тез және жасырын хабарлауға мүмкіндік беретін «Stop: сыбайлас жемқорлық» сервисі жұмыс істейді. Осы құралдың көмегімен пайдаланушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесіне бұзушылықтар туралы ақпаратты

тиімді және қауіпсіз бере алады.

Қосымшада есірткіні жарнамалауға және таратуға қарсы бағытталған «Есірткіге жол жоқ» сервисі іске қосылды. Жаңа сервис қала тұрғындарына есірткіге байланысты бұзушылықтар туралы тез хабарлауға мүмкіндік береді және оларды жедел жоюға ықпал етеді. «Есірткіге жол жоқ» қызметін пайдалану үшін қосымшаны ұялы телефонға орнатып, тіркеуден өту керек. Содан кейін басты бетте «танымал» бөліміне өтіп, «есірткіге жол жоқ» хабарламасын жіберу» бөлімін таңдау керек. Пайдаланушылар өтінішті тегі, аты және өкесінің аты, телефон нөмірі, мекенжайы және хабарлама мәтіні арқылы тоқтырады. Мұнда құқық бұзушылық пен фотосуретті немесе бейнені тіркеу мүмкіндігі бар. Барлық өтініш жедел өңделеді және әрбір бұзушылық фактісі бойынша заңнамаға сәйкес шаралар қабылданады.

Smart Astana-ның барлық мүмкіндігін пайдалануды бастау үшін App Store немесе Google Play арқылы қосымшаны жүктеу жеткілікті. Тіркеу үшін телефон нөмірін көрсетіп, растау кодын алу керек. Барлық қызмет авторизациядан кейін бірден қолжетімді болады.

## ОҚУШЫЛАР ЛИМОН ӨСІРЕДІ

Астана қаласындағы №8 мектеп-лицейінің 5-сынып оқушылары «Жасыл клуб» жобасы аясында «Жасыл мектеп» жылыжайында екі жылдан бері баптап, өсіріп жатқан лимон ағаштары жеміс бере бастады. Бұл туралы әкімдіктің ресми сайты хабарлады.



Екі жылда бір рет жеміс беретін лимонның күтімін өздері жасаған оқушылар оның бүршік жарғанын асыға күткендерін айтады. Мектеп оқушылары бұдан бөлек, жылыжайда қияр, қызанақ, аскөк көкөністері мен құлпынай, жидектер және жалбыз өсіріп келеді. Бос уақыттарын оқушылармен бірге тиімді пайдаланатын жоба жетек-

шілері де өсімдіктерге күтім жасайды.

Болат Өтемұратов қорының қолдауымен Астана қаласы бойынша №8, 20, 37, 42, 43, 49, 58, 61, 67, 68, 69, 80, 83, 88, 78, 90, 87, 82, 79 мектептері мен Сервис және туризм колледжінде жылыжайлар ашылып, оқушылар мен студенттер әртүрлі жемістерді өсіріп, өнім алып жүр.

## ЖОЛТАР ҚАЛАЙ ЖОЛ АШТЫ?

JOLTAP әлеуметтік бағдарламасы елорда азаматтарына жаңа кәсіптерді тегін меңгеруге жол ашады. Жоба қатысушылары әртүрлі деңгейдегі тәжірибесіне қарамастан, аз уақыттың ішінде білікті маман атануға мүмкіндік алды, деп хабарлады Астана әкімдігінің ресми сайты.

JOLTAP жобасы аясында тігін шеберлігінен дәріс алған Эльвира Тоқтамыс 3 апталық курс жайлы пікірін бөлісті. Астана тұрғыны өз сөзінде аз уақыт аралығында тек белгілі бір киім үлгісін тігуді ғана емес, пішуді және тігуді бастан-аяқ үйрететіні білікті маман атануға үлкен қадам екенін атап өтті.

«Тігін тігуді үйреніп, оны кәсібіме айналдыруды мақсат еткеніме көп болды. Бұл JOLTAP бағдарламасына дейін екі түрлі ақылы курсқа қатыстым, дегенмен біліктілігімді арттырып, жақсы тігінші болуға көмектескен осы курс қана. Алғашында қарапайым тігу әдістерін үйреткенде, «не қажеті бар»

деп ойлап едім, бірақ осы сабақтардың арқасында кез келген киімнің пішінін қайталай алатын болдым» дейді Эльвира Тоқтамыс.

Эльвира – жеке кәсіпкер және HR маманы. Өзі де дәріс оқып, жаңа бухгалтер мамандарына Excel және 1С бағдарламаларында жұмыс істеуді үйретеді. Сол себепті аталмыш жоба оқытушыларының еңбегін жоғары бағалады. «Маған күніне екі аудиторияға дәріс оқудың өзі ауыр. Ал оқытушымыз күніне он сағат дәріс оқыса да, әрдайым ашық-жарқын, көмектесуге дайын болды. Маман ретінде де оның жұмыс дағдыларының орасан зор екенін байқайсыз» деді жоба қатысушысы.

## ҮРКЕРГЕ ГАЗ КЕЛДІ

Астана маңындағы тұрғын алаптарды жоспарлы газдандыру жұмыстары жалғасуда. Үркер тұрғын алабында газ тарату желілерінің құрылысы аяқталып, 1000-ға жуық абонент табиғи газға қосылды.



Елді мекенді газдандыру жұмысы кезең-кезеңімен жүргізілді. Екі жыл ішінде Үркер елді мекенінің 5250 абоненті табиғи газға қосылды, олардың арасында жеке үйлер мен тұрғын үй кешендерінің тұрғындары да бар.

Нұра ауданы әкімінің орынбасары Сәрсенғали Ақжолловтың айтуынша, 2025-2026 жылдары осы елді мекендегі барлық жеке үй мен тұрғын үй кешені газдандырылады.

– Үркердегі алғашқы абоненттердің газға қосылуы, шын мәнінде тарихи сәт. 2025-2026 жылдары осы жердегі барлық жеке үй мен тұрғын үй кешені газдандырылады. Бұл үйлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, газдандыру эко-

логиялық таза және адамдар үшін қолжетімді, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Тұрғын алапты газдандыру 2024 жылға жоспарланған болатын. Табиғи газдың ерекшелігін алғаш болып сезінген Ақтамберді жырау көшесінің тұрғындары қуаныштарын жасыра алмады.

– Біз газға қосылуды көптен бері күтіп жүр едік, міне, бүгін сол арманымыз орындалды. Бұған дейін үйімізді көмірмен жылытып келдік. Әр 6-12 сағат сайын пешті қадағалап, көмір салуға тура келетін. Сол сияқты үйді ұзақ уақыт қараусыз қалдыруға да болмайтын. Енді бұл мәселе бізді алаңдатпайды. Үйдегі батареялар өте жылы, ыстық су қалыпты ре-

жимде ағып тұр. Біз өте қуаныштымыз! – деді үркерлік Байғарым Хасенов.

«Qazaq zhyly» ЖШС директоры Жәнібек Мұхамбеталы Үркердегі газдандыру Мемлекет басшысының «Инвестиция орнына тариф» бастамасы негізінде қарқын алғанын жеткізді.

«Біз барлық инженерлік желіні өз есебімізден салдық, ал шығындарды тарифтік жүйе бойынша қайтарамыз. Мұнда газ тарифі текше метр үшін 38 теңге екенін атап өткім келеді. Бұл – тұрғындар үшін қолжетімді баға» деді директор.

Мамандардың мәлімдеуінше, Үркерді газдандыру үшін барлығы 173 шақырым газ желісін салу жоспарланып

отыр. Қазіргі уақытта жоспарланған жұмыстардың шамамен үштен бірі аяқталды.

Бұл жоба Астана қаласының инфрақұрылымды жақсарту және халыққа қолайлы жағдай жасау жөніндегі стратегиясының маңызды бөлігі болып саналады. Тұрғын алапта табиғи газды іске қосу Астана әкімдігінің, Энергетика министрлігінің, «Qazaq Gaz Aımaq» АҚ мен «Qazaq Zhyly» ЖШС-нің көмегімен жүзеге асырылды.

Осыған дейін әкімдік газдандырудың екі кезегінің құрылысын аяқтады. Осылайша, Сарыарқа ауданының аумағындағы Көктал-1, Көктал-2, Агроқалашық және Потанин көшесі ауданындағы қаланың ескі бөлігінде тұтынушыларды қосуға мүмкіндік берген екі газдандыру желісінің құрылысы аяқталған болатын. Алматы ауданындағы «Железнодорожный», «Промышленный» тұрғын алаптары мен оңтүстік-шығыс шағын ауданының оң және сол жағы, Күйгенжар, Мичурин елді мекендері, сондай-ақ «Ақбидай», «Қазақ ауыл» шағын аудандары, сондай-ақ Есіл ауданындағы «Велла вилдж» тұрғын үй кешені, «Куршавель» тұрғын үй кешені, «Family Town», «Family Park» және Нұра ауданындағы «Будапешт», «Космик-Сити» тұрғын үй кешендері газдандырылды. Сонымен бірге «Тұран», «Телман», Оңтүстік-шығыс, «Үркер», «Пригородный», «Family village», «Өндіріс», «Кирпичный» елді мекендерінде газбен қамту желілерінің құрылысы жүргізіліп, аяқталды. Бұл жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасын едәуір арттырып, оларды экологиялық таза және тиімді жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

City Transportation Systems хабарлауынша, Астанадағы Сығанақ көшесінде көлік қозғалысы 2025 жылдың қыркүйек айына дейін шектеледі.

## СЫҒАНАҚ КӨШЕСІ ТОҒЫЗ АЙҒА ЖАБЫЛАДЫ

Компания бұл шектеулер LRT жобасының № 112-118 станцияларында жаяу жүргіншілерге арналған аспалы көпірлер салу үшін қадалау жұмыстарының жүргізілуіне байланысты екенін мәлімдеді.

«2025 жылдың 1 қыркүйегіне дейін келесі учаскелерде: Ақмешіт көшесінен Түркістан көшесіне дейінгі Сығанақ көшесінің бөлігінде; Мәңгілік ел даңғылынан Сығанақ көшесіне қарай оң жақтағы Түркістан көшесі бағытына

шығатын жолда қозғалыс толығымен шектеледі» делінген ресми мәліметте.

Жеңіл рельсті жолдың жалпы ұзындығы 22,4 шақырымды құрап, 18 станцияны қамтиды. Қозғалыс интервалы 4-5 минут болатын 652 адамды құрайтын 19 жылжымалы құрамды іске қосу жоспарлануда. Бастапқы кезеңде тәулігіне 25 мың адам жолаушылар ағыны күтілуде, ал шарықтау кезінде максималды жолаушы ағыны 92 мың адамға жетуі мүмкін.



## 44 БОРЫШКЕР ҚАМАУҒА АЛЫНДЫ

Биыл Астанада қарызын төлемеген 389 борышкер жауапқа тартылды. Осы және мемлекет пайдасына қарыздарды өндіріп алу мен борышкерлерді жауапкершілікке тарту барысында жүргізілген жұмыстар туралы Коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында елордалық Әділет департаменті басшысының орынбасары Азамат Айнабеков мәлімдеді.

Ведомство өкілінің айтуынша, Әділет департаменті қарыздарды өндіріп алуға ғана емес, сонымен қатар азаматтардың өз міндеттемелерін орындауы үшін жағдай жасауға да ерекше назар аударады.

2024 жылы департамент 151 миллиард теңгеден астам сомаға 962 атқарушылық іс қозғады. Оның ішінде 528 іс сәтті аяқталды, ал 308 атқару құжаттары бойынша қарыздар жалпы сомасы 43,8 миллиард теңгеге толық өндірілді.

– Қазіргі уақытта сот орындаушыларының іс жүргізуінде 33,7 миллиард теңге сомасына 438 іс бар. Оның ішінде 132 іс борышкерлердің жалақысынан ай сайынғы берешекті ұстап қалу сатысында тұр. 38 жағдайда борышкерлерді іздеуге жариялау салдарынан орындау тоқтатылды. Атқарушылық құжаттардың орындалмауы Қазақстан Республикасының заңнамасын елеулі бұзу ретінде қарастырылады, бұл әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін, – деді департамент басшысының орынбасары.

Мәселен, осы жылдың басынан бастап 408 әкімшілік хаттама жасалды, оның ішінде 389 борышкер жауапқа

тартылды. Ең жиі қолданылатын санкцияларға 345 борышкерге әсер еткен 5-тен 40 айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұлдар, сондай-ақ 44 борышкерге қолданылған 2-ден 5 тәулікке дейінгі әкімшілік қамауға алу кіреді.

Сонымен қатар, сот орындаушылары әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің бірқатар бабы бойынша әкімшілік хаттамалар жасауға құқылы.

– Қарыздарды өндіріп алу үшін тиімділігін арттыру үшін Астана қаласының Әділет департаменті кешенді тәсілді енгізуде. Осы тәсіл аясында полиция департаменті мен жеке сот орындаушыларының қатысуымен бірлескен рейдтер жүргізіледі, олардың барысында борышкерлерге міндеттемелерді орындаудың салдары туралы хаттамалар мен ескертулер беріледі. Сонымен қатар, жұмыссыз борышкерлер үшін азаматтарға жұмысқа орналастуға және қарыздарын өтеуді қолға алуға көмектесу мақсатында ай сайын бос жұмыс орындары жәрмеңкелері ұйымдастырылады. Жәрмеңкелер туралы ақпарат департаменттің ресми сайтында жарияланады, – деді Азамат Айнабеков.

## ҚЫСТА ҚАЛАЙ БЕЗЕНДІРІЛЕДІ?

Қыстың алғашқы айымен бірге Астана маусымға сай безендіріле бастады. Қала билігі елорда тұрғындары мен қонақтарына арнап көптеген ойын-сауық орындарын әзірлеуді жоспарлап отыр.

Орталық көшелердегі ашық алаңдарда мұз айдындары, сырғанақтар, сүйкімді шағын архитектуралық мүсіндер мен фотоаймақтар пайда болып, бас шаһардың барлық 6 ауданында осындай 60-қа жуық орын ашылады. Олар қыс бойы қала тұрғындарының игілігіне қызмет етеді.

Аудандарда әкімдік балансында бар шыршалар орнатылып, көшелерді жаңа жылдық безендіру үшін былтырғы гирляндардың, қондырғылардың және өзге де әшекейлердің бір бөлігі пайдаланылады. Қысқы демалысқа арналған бірқатар қоғамдық кеңістік арнайы тақырыптағы шағын архитектуралық нысандармен және жарық қондырғыларымен безендіріледі.

Нұра ауданында отбасыларға арналған қысқы ойын-сауық орталық саябақта, «Зеленый квартал» ТК, «Үркер» тұрғын алабы, «Asia Park» СОО жанында және «Астана Арена» стадионының аумағында ұйымдастырылады. Аудан аумағында 40-тан астам шағын сәулет нысаны түнде жарықтандырылады. Сондай-ақ 4 мұз айдыны жұмыс істейтін болады.

Биыл Алматы және Сарайшық аудандарында, атап айтсақ, «Қазақ елі» алаңы, Оқушылар сарайының аумағы, Президенттік саябақ, Триатлон паркі және «Sana» СК, сол сияқты тұрғын алаптардың қоғамдық кеңістіктерінде сырғанақтар мен мұз айдындары орнатылады.



Байқоңыр ауданында «Жастар» сарайының аумағында, Ататүрік атындағы саябақта, Жазушылар аллеясында және т.б. ашық алаңдарда демалыс орындарын ашу арқылы мерекелік атмосфера орнату жоспарланып отыр. Көше бойында және Ақбұлақ өзені арқылы өтетін көпірде жаңа жылға арналған жарық гирляндар қойылады.

Есіл ауданында Қонаев және Достық көшелерінің бойы, Бәйтеректің маңайы, сондай-ақ Мәңгілік ел даңғылы, «Ұлытау» ботаникалық бағы мен

алаңдағы ағаштар жарық гирляндармен және басқа да мерекелік элементтермен безендіріледі. Бәйтерек, Нұржол желіжолы, Желілік парк, «Астана балет» театры сияқты тарымды негізгі орындарда және Мәңгілік ел даңғылының Ұлы дала көшесімен қиылысында жаңа жылдық тақырыпта шағын сәулет нысандары орнатылады. ЭКСПО, Ботаникалық бақ және Пригородный тұрғын алабын қоса алғанда, негізгі алаңдар мен саябақтарда мерекелік шыршалар және т.б. орнатылады.

Сарыарқа ауданында жаңа жыл мерекесіне орай Есіл өзенінің жағасында сырғанақтар, мұз айдыны, арнайы тақырыптағы шағын архитектуралық мүсіншелер мен шырша қойылып, қалалық алаңда – үлкен сырғанақ, ауданы 600 ш.м. мұз айдыны және жаңа жылдық фотоаймақ болады, сол сияқты 13 м тірі шырша безендіріледі.

Қаланы қысқа безендіру жұмыстары қараша айының ортасында басталған болатын. Ол желтоқсанның екінші онкүндігінде кезең-кезеңімен аяқталды.

**САПАЛЫ ОҚУ НЕГІЗІ – ЖҮЙЕЛІ БАҒДАРЛАМА**

– Жұлдыз Досбергенқызы, бүгінде мемлекеттік орта білім беру бағдарламасын жаңа стандартқа сай қайта қарау туралы мәселе талқыланып жатқаны белгілі. Мектептегі білім беру сапасына жаңа стандарт қалай әсер етпек?

– Білім сапасын арттыру – бүгінгі таңда еліміздің стратегиялық дамуының негізі. Әлемдегі технологиялық өзгерістер мен жасанды интеллекттің жылдам дамуы білім беру жүйесіне үлкен талаптар қояды. Бұл жағдайда білім стандарттарын қайта қарастыру, сондай-ақ мектептердің білім беру бағдарламалары мен олардың материалдық-техникалық базасын күшейту өте өзекті деп санаймын. Заманауи білім беру тек оқу бағдарламаларын жаңартумен ғана шектелмейді, бәсекеге қабілетті болу үшін оқушылардың дағдыларын жаңа технологиялармен, цифрлық құралдармен және жасанды интеллектпен үйлесімді түрде дамытуға бағытталуы тиіс.

Білім беру стандарттарын қайта қарастыру – тек білім мазмұнының өзгеруі ғана емес, сонымен қатар оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, шығармашылыққа, инновациялық шешімдер қабылдай білуге үйретуге мүмкіндік беретін жаңа тәсілдерді енгізу. Әсіресе ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларына ерекше көңіл бөлген жөн. Мұндай білім беру жүйесі болашақ ұрпақтың жаңа әлемде, жасанды интеллект пен автоматтандырылған жүйелердің дәуірінде бәсекеге қабілетті болуына ықпал етеді. Сондай-ақ мектептердің инфрақұрылымын жаңарту да – білім сапасын арттырудың негізгі аспектісі. Заманауи оқу құралдары мен цифрлық ресурстарды пайдалану оқушылардың білім алу процесін айтарлықтай жақсартады. Технологиялардың қарқынды дамуы, жаңа білім беру стандарттарының енгізілуі және мектептердің инфрақұрылымын жаңарту – осының бәрі елімізді әлемдік білім беру бәсекесінде жоғары деңгейге көтеруге бағытталатын кешенді шаралар.

– Оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту жөнінде тақырыптық отырыста қандай мәселелер қозғалды?

– Парламентте білім сапасын арттыру, оқу мазмұнын өзгертуге қатысты талқылау алғаш рет жүргізілді. Біз бір ғана отырыспен шектелмейміз, әлі де талқылаулар өтеді. Отырыс барысында оқулықтарды даярлау, бағалау жүйесі, оқу пәндерін алып тастау және қайта енгізу мәселесі сөз болды. Мәселен, «Көркем еңбек» пәнін оқыту мәселесі қайта қарастырылуда. Бұл пән бұған дейін де оқытылып, онда сурет, музыка және еңбек пәндері кіріктірілді. Мәнінше, пән қайта оқытылуы керек. Қоғам арасында еңбек құндылығын насихаттау өзекті. Бірақ оған сурет пен

# БІЛІМ САПАСЫН ҚАЙТСЕК АРТТЫРАМЫЗ?

Білім беру жүйесінің басты проблемасы – төмен сапа. Бұған бірқатар зерттеудің нәтижесі дәлел бола алады. Халықаралық PISA бағдарламасының соңғы зерттеуіне сәйкес, еліміз оқу сауаттылығынан 81 елдің ішінен 61-орында тұр. Осы тұста жақында Астанада Мәжіліс қабырғасында оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту жөнінде тақырыптық отырыс өтті. Жиынға қатысқан Мәжіліс депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВАДАН білім сапасын арттырудағы түйткілді мәселелерді сұрадық.



музыка пәндері қабыспайды, себебі бағыттары әртүрлі. Бұл пәндерді бірге алып жүретін педагогтар да тапшы. Осы себепті барлығын қойыртпақ қылмай, ұстаздардың адами әрі физикалық ерекшеліктерін негізге алғанымыз абзал. Сол секілді «Информатика» пәні оқу бағдарламасынан алынып тасталып, басқа пәндерге кіріктіріліп оқытылмақшы. Өз басым оған қарсымын. Ол институционалды бағыт ретінде бөлек болуы қажет. Пәнді бағдарламадан алу арқылы информатикалық дағдыларды жетілдіру үшін біліктілік курстарына артық шығын жұмсалды деп ойлаймын. Талқылауда мұғалімдердің дайындығы мәселесі сөз болды.

**БІЛІМГЕ САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ**

– Елімізде «Келешек» жүйесі арқылы ата-аналардың балаларының оқуына ақша жинай алу мүмкіндігі енгізілмек. Бірыңғай жинақтау жүйесінің жаңашылдықтары қандай?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізуді қажет. Осы жинақ «Ұлттық қор – балаларға» жобасымен сабақтасып, жас ұрпақтың білімге деген ұмтылысын қолдауға, қаржыны жинақтау мәдениеті мен қаржылық сауаттылығын арттыруға арналады.

ныстағы мемлекеттік білім беру жүйесінің алаңында жүзеге асырылды. Бұл модель ата-аналардың, мемлекеттің және қаржы нарығы қатысушыларының бірлескен күш-жігері арқылы білім алу үшін қосымша мүмкіндіктер жасауға бағытталған. Жаңа заң жобасы білім алу үшін капиталды жинақтауға арналған ең төменгі шарттарды белгілейді. Айына 1 АЕК (3692 теңге) мөлшерінде жарна салу шарт. Әрбір ата-ана кез келген жастағы баланың атына шот ашу үшін банкке немесе өмірді сақтандыру компаниясына жүгінуге құқылы. Оның аясында біржолғы бастапқы білім беру капиталы қарастырылып, ол бюджет есебінен қамтамасыз

халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалар үшін – 12 АЕК, ал қалған балалар үшін – 24 АЕК. Бұдан бөлек, жинақталған қаражатқа барлық балаларға 5 пайыз мөлшерінде, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалар үшін 7 пайыз мөлшерінде мемлекеттік сыйлықақы мен инвестициялық кіріс қосылып отырады. Банк депозиттері бойынша да белгілі бір талаптар қойылған. «Келешек» салымдарына ең төменгі табыс деңгейі депозит мөлшерлемесіне 2 пайыздан төмен болмауы керек. Депозиттерге кемінде 3 пайыздан төмен емес кіріс көзделген. «Келешек» салымдары бойынша табыс мөлшері 11 пайыздан төмен болмауы тиіс.

Мектепті аяқтаған соң жинақталған қаражатты Қазақстандағы колледждер мен жоғары оқу орындарында, сондай-ақ шетелде білім алуға пайдалануға болады. Егер білім алушы грант иеленсе, қаражатты тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында пайдалана алады.

«Келешек» бірыңғай жинақтау жүйесі Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау арқылы азаматтардың білімге деген ұмтылысын, жинақтау мәдениеті мен қаржылық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

**МАМАНДЫҚ ТАҢДАУҒА БАҒДАРЛАНУЫ КЕРЕК**

– Елімізде «артық пәндер көп» деген пікір жиі айтылады. Соған қатысты ойыңыз қандай?

– 10-11-сыныпта оқушыларға 16 пән оқытылады. Оның ішінде 5 пәнді оқушы мектепте емтихан ретінде, ал енді 6 пән бойынша ҰБТ сынағынан өтеді. Дегенмен мектептегі емтихан ҰБТ-ға әсер етпейді. Осы тұста бала білім алу процесінде қиналады. Сондықтан 10-11-сыныптағы пәндерді ықшамдап, оқу бағдар-

ламасы мамандық таңдауға бағдарланса, баланың өзіне де жақсы болар еді. Міндетті 16 пәннің сағаттарын жоғары сыныптарда азайтып, қайта оны 8-9-сыныптарда толығырақ берсек, жоғары сыныпқа аттанғалы отырған оқушы толық циклді оқуды аяқтап, дайын болады деп санаймын.

Математика, физика, химия, биология пәндері – технология, инженерия және STEM бағытындағы пәндер. Қазіргі таңда әлем климаттың өзгеруіне және энергетика саласындағы бірқатар жаңалыққа орай аталған пәндерге көптеп көңіл бөлу. Дегенмен жалпы білім беретін мектеп және зияткерлік, «Білім-инновация» лицейлері арасында математика, физика және информатика пәндерін оқытуда тақырыптық алшақтық мәселесі бар. Мысалы, жоғары сыныпта 7 сағаттық математика болса, 25 сағат қосымша өткізіледі. 10 сағаттық математика үшін қосымша 42 сағат оқытылады. Физика пәні бойынша 9-сыныпқа дейін зияткерлік мектептер мен «Білім-инновация» лицейлерінде 8 жаңа тақырыптар, информатика пәні бойынша 9-сыныпқа дейін 125 сағат практикалық сабақтар өтеді. Жалпы білім беретін мектептерде бұл тақырыптар оқытылмайды. Бұл әлемдік деңгейде оқушыларымыздың бәсекеге қабілетті болуында әрі жаһандық технологиялар дендеп еніп жатқан уақытта оған төтеп бере алуында қиындық тудыратыны анық. Сапалы білім беруде баланы тақырыптық алшақтықпен шектемеуіміз қажет.

– Жоғары сынып оқушыларының түгел дерлігі ҰБТ-ға дайындалу үшін қосымша курстарға жүгінеді. Яғни тағы да мектеп бағдарламасы оқу орнына түсуге жарамсыз болды ма?

– Иә, өте өзекті сұрақ. Қаражаты барлар ғана дайындық курстарына жүгінсе, шамасы жетпейтіндер өз бетінше, мектеп бағдарламасымен дайындалуға мәжбүр болады. Бұл – әлеуметтік теңсіздікті тудыратын мәселе. Білім саласында отбасының артық қаражатының жұмсалыуына жол берілмегені жөн. Қазірдің өзінде жоғары сыныптың жастар арасында тартымдылығы азайып барады. Бала тек аттестат алу үшін ғана оқиды. Сондықтан 10-11-сыныптың бағдарламасын мамандық таңдауға бағыттап, мектепте алған білім жоғары оқу орнына түсуге мүмкіндік бергені дұрыс. Мысалы, әлемдік деңгейді алып қарасақ, бастауыш сынып мектебі, 5-9-сынып аралығында негізгі және орта мектептер, университетке дайындаумен айналысатын жоғары сыныптың бөлек және жеке мектептері бар. Біз де осы тәжірибеге сүйенетін боламыз. Бастысы, мектеп пен жоғары оқу орнында берілетін білім бір-бірімен сабақтаса отырып жүргізілуі қажет.

Сұхбаттасқан  
Индира БЕРЖАНОВА



2-сыныптың оқу бағдарламасында «Комбинаторика» тақырыбы кездескен еді, ал негізінде бұл 7-сыныпта оқытылатын тақырып. Сондықтан балаға тақырыпты меңгертуде мұғалімдеріміз дайын болмады. Осындай тақырыптарды оқыту үшін мұғалімдерді арнайы дайындықтан өткізу қажет деген пікір білдірдік.

«Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесі – Қазақстандағы білім беру саласына қолдау көрсету мақсатында Үкімет ұсынған және Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2024 жылғы 4 қаңтардағы хаты негізінде жалпыұлттық жоспардың 90-тармағын іске асыру үшін енгізілген бастама. Жүйенің негізгі моделі қолда-

етіледі. Бұл капитал әр бала 5 жасқа толғанда шотына аударылады. Бастапқы капитал мөлшері 60 АЕК немесе 221520 теңге көлемінде белгіленген, ал егер бала жетім болса, онда 120 АЕК немесе 443040 теңге мөлшерінде аударылады. Сонымен қатар ата-аналарға жыл сайын баланың шотына ең төменгі жарнаны салу міндеттеледі:

## ЖАС ПЕДАГОГТАРҒА МҮМКІНДІК

Елордада «Әдістемелік орталықтарды трансформациялау: даму векторы және қазіргі заманғы сын-қатерлер жағдайындағы стратегиялық рөл» тақырыбында әдіскерлердің II республикалық форумы өтті.

Іс-шараға Оқу-ағарту министрлігі, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардың Білім басқармаларының өкілдері мен 60-қа жуық әдіскер қатысты. Форум әдістемелік орталықтардың қызметін жетілдіруге қатысты өзекті мәселелерді талқылау және әдістемелік жұмыстың сапасын арттыру мақсатындағы ұсыныстарды әзірлеуге бағытталды. Жиынның пленарлық сессиясы аясында

Оқу-ағарту министрлігі Орта білім комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуы туралы негізгі статистикалық деректерді ұсынып, елдегі білім беру сапасының көрсеткіштері туралы егжей-тегжейлі хабардар етті. Ал Астана қаласы Әдістемелік орталығының басшысы Сындыр Дауешова өз сөзінде бұл іс-шараның әдіскерлердің білігін арттырудағы маңызын айтып, осы арқылы сапалы оқытуға айрықша

мүмкіндік берілгеніне тоқталды. «Мұндай бастамалар жас педагогтардың білігін арттырып, елордалық білім беруді одан әрі дамыту үшін сенімді негіз қалыптастыра отырып, білімнің көкжиегін кеңейтуге ықпал етпек» деп толықтырды спикер.

Сондай-ақ форум барысында сарапшылар қауымдастығы, ғалымдар мен әдістемелік орталықтардың өкілдері бірқатар тақырып бойынша пікір алмасты.



# ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС ТУРАЛЫ ҚОЙЫЛЫМ

Астанадағы М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрында нашақорлықтың алдын алуға және есірткі қылмысына қарсы іс-қимылға арналған «Тәуелсіздер» деректі драмасының премьерасы өтті.



Қойылым елордада есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспарды және нашақорлықтың алдын алу жөніндегі «Астана – есірткісіз қала» акциясын іске асыру шеңберінде ұсынылды.

Премьераға елорда әкімінің орынбасарлары Есет Байкен мен Ерік Мейірханов, Парламент Мәжілісінің депутаттары, қалалық басқармалардың өкілдері, қоғам қайраткерлері қатысып, сөз сөйледі.

«Есірткіні қолданудың қайғылы салдарын жастарға жеткізу үшін есірткі бизнесіне қарсы насихаттың кез келген түрін қолдану қажет. Бұл жағдайда – театр. Ол – адамдарды тартудың орталығы. Менің ойымша, жастар тағылымды спектакльді тамашалайды» деп атап өтті ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Елнұр Бейсенбаев.

Деректі драма белгілі бір себептермен есірткіге тәуелді болып қалған адамдардың өмірінен сыр шертіп, өзін-өзі құрдымға жіберген алты тағдырлы оқиғаны негіз етті. Ал режиссер шығармашылық объективті арқылы қоғамдағы өзекті мәселені ашып көрсете алды деп ойлайтынын айтады.

«Сценарий жазу кезінде мен көптеген эмоцияны бастан өткердім. Бұл – ауырсыну, ашулану және үмітсіздік. Есірткіге тап болған және өмірін құртқан адамдардың шынайы оқиғасы көрерменге есірткінің зұлымдық екенін анық көрсетеді» дейді деректі драманың режиссері Олег Федоренко.

«Тәуелсіздер» деректі драмасы – бұл жай ғана спектакль емес, жас ұрпақты зиянды тәуелділіктен қорғауға және қоғамдағы рухани құндылықтарды нығайтуға бағытталған әлеуметтік жоба.

СЫДЫҚ МҰХАМЕДЖАНОВ – 100

## «АЙСҰЛУДЫҢ» АРМАНЫ

Қоюшы-дирижері – Қазақстанның халық әртісі Абзал Мұхитдин, сахналаушы-режиссер – «Нано-Опера» V халықаралық жас опера режиссерлері байқауының лауреаты, «Астана Опера» театрының режиссері Еренбақ Тойкенов.

– Сыдық Мұхамеджанов қазақ музыкалық театры тарихындағы алғашқы комедия операсын жазды. Қуандық Шағытбаев пен Қанабек Байсейітовтің либреттосы қазіргі қазақ жастарының өміріне негізделген. «Айсұлу» спектаклінің премьералық қойылымы 1964 жылы Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында сахналанды. Содан бері бұл опера көрермендердің сүйікті туындысына, ал көптеген нөмір концертке айналды. Дайындық барысында біз бірқатар ескі қойылымның партитураларына талдау жасап, музыкалық материалды қайта қарадық және 60-70-жылдардың тарихи мәтіні мен мәнәрін дәл бейнелейтін опера жасадық. Бұл – жеңіл комедиялық опера, ол өзінің құрылымы бойынша бұрын опереттаны еске салатын, алайда біз енді оны анағұрлым күрделі жанр туындысына айналдыруға тырыстық. Мұнда ұйымшыл топтың жақсы жұмысын атап өтуге болады. Сондай-ақ мұнда режиссер мен дирижердің өзара үйлесімді әрекеті негізгі рөл атқарады, себебі барлық қойылымның тартымдылығы осы бірлескен жұмысқа байланысты, – деп атап өтті Абзал Мұхитдин.

– Театрымыздың сахнасында қойылған тұңғыш комедия болғандықтан, қойылымның көтерер жүгі қомақты, көрерменді күлдіре отырып, ой саламыз, әлеуметке қажетті дүниелерді

«Астана Опера» театрында тұңғыш рет қазақ комедиялық операсы сахналанды. Жоғары деңгейде өткен премьера қазақтың көрнекті композиторы, Қазақ КСР мен КСРО халық әртісі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сыдық Мұхамеджановтың туғанына 100 жыл толуына орайластырылды. Премьера алдында шығармашылық топ журналистерге арнайы баспасөз мәслихатын өткізді.



түсіндіруге тырысамыз. Сол замандағы дипломы бар жастың, ғылым кандидатының, басқа да ғалымдардың ауылға келіп, жар тауып, сонда қалуы қызықты баяндалады. Бұл «Дипломмен – ауылға» деген қазіргі бағдар-

лама секілді қалада оқыған жастардың ауылға барып, туған жерін көркейтуге атсалысуы тартымды көрсетіледі. Көрерменге – үлкенге де, кішіге де бұл таныс жағдай әрі комедия болған соң күліп отырып ой

салатын оқиға дер едім, – дейді «Айсұлу» елорда сахнасында сахналаған режиссер Еренбақ Тойкенов.

Басты кейіпкерлер – сұлу Айсұлу мен қызғаншақ Серке сұлулық байқауына қатысқысы келгені үшін жанжалдасады. Әрекет барысында әуесқойлар өздерінің сезімін тексеріп көреді. Ал басты рөлді сомдап, көрермендердің көзайымына айналған атақты опера әншісі, «Құрмет» орденінің иегері Айзада Қапонова бүгінгі «Айсұлу» бейнесін көрсете білудегі көздеген мақсатын ортаға салды.

– Ана тілімізде қазақ операсын насихаттау бізге ерекше күш-жігер береді, атақты «Қыз Жібек», «Абай», «Біржан-Сара» опералары – соған дәлел. Былтыр «Қалқаман-Мамыр» операсын қойсақ, биыл осы «Айсұлу» операсын көрерменге ұсындық, – деді басты кейіпкерді сомдаған актриса Айзада Қапонова.

Жарты ғасырдан кейін қазақ сахналарына қайта оралған жарқын опера – «Айсұлу» жайында осы ғажайып туындыны жазған композитор Сыдық Мұхамеджановтың қызы Ләйла Мұхамеджанова былай деген болатын: «Бүгінгі «Айсұлу» – қазіргі заманғы қыздардың жиынтық бейнесі, сонымен қатар өмірде махаббат пен арман, мақсат тоғысқан жерде дұрыс шешім қабылдаудың жарқын үлгісі».

«Айсұлу» комедиялық операсы екі актіден тұрады. Кезінде пьеса ретінде «Беу, қыздар-ай» деген атпен белгілі болған. 1964 жылы композитор Сыдық Мұхамеджанов оған опера жазды. Оқиға желісі 1950 жылдардағы тың игеру науқанын қамтыды, қоюшы-режиссер оқиға желісін бүгінмен ұштастырған.

Премьера өте жоғары дәрежеде өтті. Серке рөліндегі Дінмұхамед Көшкінбаев та өз образын тамаша сомдап шықты. Сондай-ақ Хасен рөліндегі Шыңғыс Расылхан, Әубәкір болып сахнаға шыққан Талғат Аллабиринов өз рөлдерін асқан шеберлікпен орындады. Бұл көптен бері қойылмай жүрген дүние екені рас. Халыққа өте жақын спектакль екені көрерменнің ду шапалақтаған қолпақтауынан сезіндік. Шынында, қойылымды айына бір рет болса да көрсетіп тұрса нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені оның музыкасы, тақырыбы бүгінмен астасып жатыр.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауының сегізінші тарауында «мемлекеттік органдар өз жұмысын жетілдіру үшін азаматтардың өтініштерін талдауға көбірек назар аударуға тиіс» деп мемлекеттік басқару ісінің тиімділігін баяншы арттырудың тетігіне тоқталды.

## ҚОҒАМ МЕН БИЛІК ҚАТЫНАСЫ

Бүгінде өтініштерді қарау арқылы қоғам мен билік құрылымдары арасындағы қарым-қатынас мәдениеті қалыптасып, өзара байланыс орнауда.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментіне жыл басынан бері түскен өтініштердің 49 пайызы – арыз, 25 пайызы шағым болса, 16 пайызы – ұсыныс пен үн қосу. Департамент мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзу, сондай-ақ қызметтік әдепті сақтау мәселелері бойынша әрекеттері мен шешімдеріне жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қарап, мемлекеттік қызмет көрсету сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын болғандықтан, департаментке түскен әрбір жолданым жігі қарастырылып, қажет болған жағдайда, жоспардан тыс тексерістер жүргізеді.

Мемлекеттік қызметшілердің бұзылған құқығын қорғап, оны қалпына келтіру – департаменттің басты бағыттарының бірі. Қаламыздағы мемлекеттік мекемелердің бірінде қызмет ететін азамат өзінің жұмыстан шығу туралы арызды 1 ай уақыт өтсе де, мекеме басшысының қарастырмай отырғанына шағымданған болатын. Егер еңбек шартын жұмыскердің бастамасы бойынша бұзу тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (56-б. 1-т.) сүйенсек, жұмыскер жұмыс берушіні кемінде бір ай бұрын хабардар ете отырып, еңбек шартын өзінің бастамасы бойынша бұзуға құқылы делінген.

Ал «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» заңына (61-б. 1-т. 1) т.) сәйкес, мемлекеттік өкімшілік қызметшілердің мемлекеттік қызметті тоқтатуына сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық немесе мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс

қылмық жасағаны үшін олардың жауаптылығын қарау жағдайларын қоспағанда, олардың өз қарым-қатынас мәдениеті қалыптасып, өзара байланыс орнауда.

Тағы бір мысал келтіретін болсақ, қалалық мемлекеттік мекеме қызметкерінің жыл сайынғы еңбек демалысына ақы төлеу туралы өтініші департаментпен қарастырылып, өңбек демалысының ақысы және екі лауазымдық еңбекке көлемінде сауықтыру жәрдемақысы уақытылы төленді.

Сонымен қатар бір мемлекеттік қызметшінің шағымын қарастыру барысында мемлекеттік мекеме басшысы орынбасарының іс-әрекетінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің талаптарын бұзғандықтан, департаментке мемлекеттік мекеме басшысы орынбасарының іс-әрекетінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің талаптарын бұзғандықтан да қатысты орын алатын шағымдар кездеседі. Мысалы, бір азаматтың мекеме басшысының негізсіз қысқартуға түскені жөнінде шағымды департаментпен жігі қаралып, нәтижесінде бұзушылықтар жойылып, өз қызметіне оралды.

Сонымен қатар департаментпен қаламыздағы мемлекеттік мекемелерге барып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексінің сақтау мәселелері бойынша мемлекеттік қызметшілерге түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп отырады.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

№144 (4732) 03/12/2024 Сейсенбі

**Е**мхананың үш ғимараты бар – ересектер, балалар және оңалту бөлімі. Емдеу бөлімшелері бекітілген тұрғындарға медициналық-санитарлық алғашқы көмек және консультациялық-диагностикалық көмек көрсетеді. Оның ішінде отбасылық денсаулық орталығы, мектепке дейінгі және мектеп бөлімі, акушерлік-гинекологиялық бөлім, офтальмология бөлімі, консультация бөлімі, клиникалық-диагностика бөлімі, аурудың алдын алу және әлеуметтік-психикалық көмек бөлімі, күндізгі стационар бөлімі, оңалту бөлімі бар.

«Әр учаскеге 1533 адам бекітілгені ескерсек, медициналық-санитарлық алғашқы көмек қызметінде 38 учаскелік жалпы практика дәрігері бар. Емханаға жалпы саны 63933 адам бекітілсе, оның ішінде 18 жасқа дейінгі балалар саны – 15636, 18 жас және одан жоғары ересектер саны 48297-ні құрайды» деді Рүстем Сапаралыұлы бізбен кездесуінде.

2024 жылғы жағдай бойынша қызметкерлер саны – 398, оның ішінде: дәрігерлер – 125, орта медицина қызметкерлері – 194. Емханада осындай жоғары білікті мамандар қызмет етеді.

#### АҚ ХАЛАТТЫЛАРҒА АЛҒЫС

Жалпы медициналық сақтандыру қызметін төлегені үшін әр тұрғын қай емханаға тіркелсе де өзі біледі. Елордалықтар қайсысына барамын десе де өз еркі. Алайда емделушінің тұрғылықты үйі емханаға жақын орналасу керектігін ескерген жөн. Сондықтан тұрғылықты жерге жақын



## ЕМІ ЕРЕКШЕ ЕМХАНА

Елордадағы №8 қалалық емхана 2008 жылы қараша айында пайдалануға берілді. Күніне 500 адам қабылдай алатын емхана Байқоңыр ауданы, Ә.Сембинов көшесі аумағындағы тұрғындарға қызмет етеді. Қазіргі уақытта 63933 адам бекітілген. Толықтай заманауи құралдармен жабдықталған емхананың директоры – PhD докторы Рүстем Айтбаев.

медициналық мекемені таңдау – қала тұрғындарының құзыретінде. «Электронды үкімет» порталы немесе жазбаша өтініш беру арқылы

қалаған емханаңызды таңдай аласыз. Соңғы аталған қызмет тек жеке санаттағы адамдарға, атап айтсақ, зейнеткерлер, мүгедектігі бар тұлғалар, жазасын өтеушілер, студенттер, әскердегі сарбаздар, қарттар үйіндегілер мен жетім балалар, сондай-ақ шетелде туған балаларға қолжетімді. Бұл топқа жатпайтындар egov.kz порталына жүгінуі қажет.

2024 жылдың алғашқы 10 айында №8 қалалық емханаға 6916 адам өз еркімен тіркелді. Емханада халықтың әлеуметтік осал топтарына және көпбалалы отбасылардан шыққан, мүгедектігі бар балаларға

медициналық көмек көрсетіледі. Емдеу мекемесінде диспансерлік есепте 10534 адам есепте тұр, оның ішінде 1536 мүгедектігі бар балаға қызмет көрсетеді. Олардың барлығы диспансерлік есепте тұр, ТМККК шеңберінде тегін дәрілік препараттармен қамтамасыз етілген және оңалту емін алады.

Емдеу мекемесіне барғанда ем іздеп, емханаға барған кейбір тұрғындармен тілдесіп қалған едік. Олардың бірнешеуі мұндағы қызмет көрсету сапасына көңілі толғанын айтты.

«Дәрігерлерге өзінің кәсібилігі, ұқыптылығы мен мейірімділігі үшін зор алғысымды білдіргім келеді. Олардың сауатты белгілеген емі мен кеңесінің арқасында денсаулығым айтарлықтай жақсарды. Учаскелік дәрігерлер науқасты мұқият тыңдап, егжей-тегжейлі түсіндіріп, сұрақтарымызға жауап береді, нәтижелі емнің арқасында жан тыныштығын сезініп, емделіп шығарыма толық сенімді болдым. Білікті дәрігерлер үлкен құрмет пен сенімге ие. Адамдарға еткен еңбегіңіз, пациенттерге жасаған қамқорлығыңыз үшін шексіз алғысымды айтамын» дейді қала тұрғыны Индира Оспанова.

«Офтальмология бөліміне үлкен алғысымды білдіргім келеді. Офтальмолог дәрігер, офтальмология бөлімінің меңгерушісі Жанат Досманова, дәрігерлер – А.Аминова, О.Тауманға, медбике Б.Ахметоваға және бүкіл ұжымға пациенттерге сыпайы қарағаны үшін шын жүректен алғыс білдіргім келеді» дейді Динар Ризванова.

«Бірнеше жылдан кейін емханаға келіп, өте риза болдым. Dаmеd арқылы сол күні гинекологқа жазылдым, бірден дәрігердің қабылдауында болдым. Дәрігер-гинеколог Динара Сапенова барлық қажетті талдауларға жолдама берді, оларды күні бойы кезексіз тапсырдым – таза, жақсы тілектестік бағытындағы жұмысты медициналық қызметкерлер тарапынан шын сезіндім, емхана қызметіндегі өзгерістерді осылайша байқадым» дейді қала тұрғыны Назигүл Мейірбаева.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

**P.S:** Жақсы дәрігер – жанға шипа. Адамдарға шипа сыйлап жүрген дәрігерлер мен басқа да медициналық қызметкерлердің еңбегі құрметтеуге лайықты. Кешегі пандемия кезінде де денсаулықтың, бір жұтым ауаның қадірін түсіндік. Қоғамға қандай мамандардың керек екенін білдік. Осы ретте емханалардың заманға сай жаңашылдығы, тұрғындарды емдеудегі жаңа технологиялармен жұмысы көңіл қуанттылық.

Өкпенің қатерлі ісігі – әлемдегі ең көп таралған және қауіпті аурулардың бірі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша өкпе қатерлі ісігі барлық қатерлі ісік аурулары арасында өлім-жітім бойынша бірінші орында тұр.

## ФЛЮОРОГРАФИЯ АУРУДЫ ЕРТЕ АНЫҚТАЙДЫ

Өкпе қатерлі ісігінің алдын алу үшін салауатты өмір салтын ұстану маңызды. Ерте анықтау және медициналық бақылау сияқты әдістердің барлығы өкпе қатерлі ісігінің даму қаупін айтарлықтай төмендетеді алады. Мысалы, жыл сайын флюорографиядан өту – ауруды ерте сатысында анықтауға көмектесетін тиімді әдіс.

**Өкпе қатерлі ісігінің алдын алудың негізгі әдістері:**

**1. Темекі шегуден бас тарту.** Бұл – өкпе қатерлі ісігінің негізгі және айқын қауіп факторы. Темекі шегушілердің қасында болған адамдар да, пассивті темекі шегушілер де түгінді жұту арқылы аурудың даму ықтималдығын арттырады.

**2. Ауаның ластануы.** Шаң-тозаң, газ және химиялық ластанушы заттар өкпеде токсиндердің жиналуына әкеледі, салдарынан қатерлі ісікке себеп болуы мүмкін.

**3. Дұрыс тамақтану және тұрақты жаттығулар.** Салауатты тамақтану мен дене белсенділігі өкпені сақтауға көмектеседі. Сонымен қатар алкогольден бас тарту да маңызды.

Өкпе қатерлі ісігінің алдын алу және диагностикасы кешенді тәсілді қажет етеді. Заманауи әдістер, мысалы, КТ, ПЭТ, бронхоскопия, биопсия, өкпе қатерлі ісігінің скринингі, дәрігерлерге ауруды ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді, бұл сәтті емдеудің мүмкіндігін арттырады. Егер сіз есепте тұрсаңыз немесе аурудың пайда болу қаупі жоғары болса, тұрғылықты жеріңіздегі емханада жүйелі түрде тексеруден өту өте маңызды.

Элвира ҚАЖЕНОВА,  
№1 қалалық емхананың  
онколог дәрігері



## FACE ID: БИОМЕТРИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Астана қаласының емханаларында науқастарды сәйкестендіруге арналған сандық технологияларды енгізу мақсатында қанатқақты жоба басталғаны белгілі. №7 қалалық емхананың пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметінің басшысы Ақдидар Уәлиева осы инновациялық технологияның тиімді тұстарын айтып берді.

Естеріңізде болса, биометриялық сәйкестендіру жүйесі 1 қарашадан бастап медициналық мекемелерге енгізілді. Жаңашылдықтың негізгі элементтерінің бірі – Face ID технологиясын пайдалану арқылы науқастың жеке басын қабылдау кезінде тексеру, сондай-ақ мобильді қосымша арқылы алынатын 6 таңбалы нөмір арқылы тексеруден өту мүмкіндігін жеңілдетеді. Науқас дәрігерге қаралу үшін келгенде жұмыс үстелінде орналасқан кішкентай камера оның бет-әлпетін сканерлеп, бұл мәліметтерді Damеd кешенді медициналық ақпараттық жүйесімен салыстырады. Егер фотосуреттен сәйкестік табылмаса, науқасқа мобильді қосымша арқылы арнайы кодты енгізу ұсынылады. Егер мәліметтер сәйкес келмесе, қабылдау рәсімі тіркелмейді.

Ақдидар Уәлиева бұл жүйе науқастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағынан тиімді екенін атап өтті. Айтуынша, жаңа жүйе медициналық қызметті нақты тіркеуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде науқастарды қабылдауда мәліметтерді бұрмалауға жол бермейді. Бюджет қаражаты мен сақтандырылған азаматтар төлеген қаражаттың мақсатсыз жұмсалудың болдырмауға көмектеседі.

Еліміздің Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, сәйкестендіру жүйесі енгізілгеннен бері көрсетілген медициналық қызметтердің жалпы саны 24,5 пайызға қысқарды.

№7 қалалық емханада жүйе шамамен бір айдан бері тестіленуде, бірақ жаңашылдыққа барлық азамат дайын болмаған. Әсіресе егде жастағы адамдар

мен жұмыс істеу кезінде қиындықтар туындапты.

«Егер науқастың смартфоны интернетке қолжетімді болса, ешқандай қиындық болмайды. Дәрігерлер тексеруді жылдам өткізеді, қабылдау жүзеге асқаннан кейін экранда жасыл түс пайда болады. Науқас қуанып кетеді. Бірақ кейбір топтармен қиындықтар болды. Face ID кейде егде жастағы кісілерді танымайды. Ондайда дәрігерлер бірнеше рет сәйкестендіру жасап, уақытты көп жұмсайды. Егер камера бет-әлпетін танымаса, онда цифрлық құжаттардағы 6 таңбалы нөмірді қолданамыз. Оның үстіне үлкен кісілердің бәріне бірдей заманауи мобильді телефон немесе ЭЦҚ кілті жоқ» дейді Ақдидар Уәлиева.

Face ID жүйесі жұмыс істемесе, экранда ақ түсті индикатор пайда болады екен, бұл поликлиника науқасты қабылдағанын білдіреді, бірақ медициналық қызмет үшін төлем жасалмайды. Бұдан бөлек, биометриялық сәйкестендіруде балалармен де қиындықтар туындаған.

«Балаларға қатысты мәліметтер заңды өкілдерден алынады, өйткені баланың жеке ЭЦҚ кілті жоқ. Бірақ



ата-аналар балаларын дәрігерге ересек балаларымен немесе жалғыз жіберіп жатады. Біз ата-аналарға жаңа жүйені түсіндіреміз және баласымен бірге келуі тиіс екенін айтамыз. Дегенмен кейбір ата-аналар бұл процедурадан бас тартады, айтуларына, несие рәсімдеу қаупін қорқады» дейді Ақдидар Уәлиева.

Денсаулық сақтау басқармасы мәліметтердің қауіпсіздігі қорғалғанын айтады. Тіркеумен сурет сәйкестендірілгеннен кейін автоматты түрде

жойылып, медициналық ақпараттық жүйеде сақталмайды.

Қанатқақты жоба аясында медициналық ұйымдарда науқастарды қолдау қызметі ұйымдастырылып, мамандар қажетті ақпаратты ұсынуға дайын. Жаңа жүйе қоғамның денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді деп жоспарланады. Жобаға қала ұйымдары мен Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен келісімшарт жасаған жеке клиникалар да қатысады.



# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ

Бүгінгі таңда Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық тақырыбы – қазіргі заман жағдайында нарықтық қатынастар және құқықтық мемлекет құру жағдайында өзекті мәселе. Сыбайлас жемқорлық – қазіргі уақытта да тек аумағымен ерекшеленетін, ең алдымен мемлекеттік қызмет органдарының беделіне ықпал етіп қана қоймай, азаматтардың сеніміне нұқсан келтіріп, мемлекеттің нарықтық экономикасының дамуына теріс әсер ететін, ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін әлеуметтік құбылыс.

Сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету мемлекеттік органның басымды міндеттерінің бірі және ең алдымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР заңын іске асыру шараларына және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін сақтауға негізделген.

Елордалық Қазынашылық департаментінің қызметкерлеріне Астана қаласының аумағында орналасқан мемлекеттік мекемелері, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері, мемлекеттік сатып алу субъектілерінің қазынашылық сүйемелдеу және қаржылық және (немесе) қаржылық емес операторларын қолдауда бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын тиімді бақылау бойынша бюджеттің барлық баптары бойынша үнемдеу және қатаң қаржылық тәртіп шеңберінде үлкен жауапкершілік міндеттелген.

Сонымен қатар тәжірибелі қызметкерлер, қаржыгерлер мен экономистердің қаржылық құжаттарды қабылдаудың бірінші кезеңінде бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, содан кейін мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру бойынша жедел іске асыруда ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу, қазынашылық тетігі арқылы мемлекеттік бюджеттің атқарылуы қазіргі уақыттағы түсімдер туралы күнделікті ақпаратқа дереу ие болуға мүмкіндік беретін табыстардың түрлері және барлық санаттары бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің шығыстарын бюджеттік заңнаманың баптарына сәйкестігін қатаң тәртіпте қарастырады.

Бұл бағытта республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын, бірыңғай нормативтік құқықтық қормен қамтылған және бюджет түсімдерін қайта бөлу арқылы бюджеттердің өзара іс-әрекетіне негізделген атқарушы және уәкілетті органдардың бюджет жүйесінің негізгі қағидастары: дербестік, тұтастық, толықтық, шынайылық, транспаренттілік



және жауапкершілікті сақтауды қамтамасыз ететін, мемлекеттің қаржылық мүдделерін қатаң қорғайтын бюджет қаражатын мақсатты пайдалануын алдын ала және ағымдағы бақылауды жүзеге асыратын Қазынашылық департаментінің мемлекеттік қызметшілері өте маңызды рөл атқарады.

Бүгінде бюджет қаражатын уақытылы, сапалы және толық игеруге мүмкіндік беретін қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесі қазынашылық сүйемелдеу кезінде нақты уақыт режимінде қазынашылық қызметкерлерінің құзыреттігі мен жылдамдығына ғана емес, мемлекеттік мекемелердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, мемлекеттік сатып алу субъектілерінің есеп қызметкерлерінің құзыреті мен жылдамдығына да байланысты. Әдетте, кейбір жағдайларда білімді, сауатты мамандар нормативтік құжаттарды білмеуінен немесе нашар меңгеруінен, құжаттарды ресімдеу кезінде бос қалдықтарға жеткілікті бақылау жүргізбегендіктен, ұсынылатын құжаттарды ұқыпсыз ресімдегендіктен, құжаттарды дұрыстап пысықтауға кері қайтаруларға әкеп соғатын жағдайлар жиі анықталауда. Осыған байланысты Қазынашылық департаменті тоқсан сайын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мем-



Қазынашылық органдары жұмысының сапалы және уақытылы нәтижесі «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесінің енгізу арқылы қазынашылық қызметкерлерінің клиенттермен байланысын азайтып, тіпті қарым-қатынасты алып тастауға байланысты сыбайлас жемқорлық көріністерін алдын алу бойынша күшейтілген жұмыстардың сыбайлас жемқорлық аймақтарын жою арқасында қол жеткізіледі

лекеттік мекемелермен бюджет заңнамасындағы жаңа өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру жөнінде семинарларды тоқсан сайын өткізеді. Бүгінде департаментте «Қазына-

шылық-клиент» ақпараттық жүйесі арқылы қазынашылық сүйемелдеу аясында республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын 322 мемлекеттік мекемеге, 89 квазимемлекеттік сектор субъектісіне, 194 мемлекеттік сатып алу субъектілеріне қызмет көрсетіледі.

Қазынашылық органдары жұмысының сапалы және уақытылы нәтижесі «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесін енгізу арқылы қазынашылық қызметкерлерінің клиенттермен байланысын азайтып, тіпті қарым-қатынасты алып тастауға байланысты сыбайлас жемқорлық көріністерін алдын алу бойынша күшейтілген жұмыстардың сыбайлас жемқорлық аймақтарын жою арқасында қол жеткізіледі. Аталған жүйе нақты уақыт режимінде бюджет қаражатын аударуды дер кезінде белгілейді, нысаналы мақсатты жұмсалуды қадағалайды. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында департамент қызметкерлері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылық органдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін және мінез-құлық нормалары мен басқа да сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама-

лық актілерді басшылыққа алады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және жол бермеу мақсатында сыбайлас жемқорлықты алдын алу жұмыстардың тиімділігін арттыру мақсатында және мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын одан әрі қалыптастыру және дамыту үшін Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаментінің 2024 жылға арналған сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл іс-шараларының жоспары бекітілген. Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінде жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі заңнама талаптарын, барлық қызметшілердің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін мұлтіксіз сақтау бойынша жүйелі түрде техникалық оқулар, кездесу-семинарлары жиі өтеді. Департамент аталмыш іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде тұрақты түрде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу, алдын алу жұмыстарын жүзеге асырады, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар жөнінде қызметкерлерді дер кезінде хабардар етеді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі агенттігі төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үлгілік ережесіне жүктеу сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіледі. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында департамент қызметкерлері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылық органдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын, мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексін және мінез-құлық нормалары мен басқа да сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалық актілерді басшылыққа алады. Ағымдағы қаржы жылының аяқталуы мен алдағы 2025-2027 жылдарға арналған бюджетті қалыптастыру жұмысы қарсаңында келесі шараларға: мемлекеттік бюджетті атқару процесінде сыбайлас жемқорлықты болдырмау, бюджет қаражатын мақсатсыз жұмсау және бұзушылық мүмкіндік-

терін болдырмау үшін барлық шығыстарға мониторинг жүргізуге ерекше назар аударылады.

Осы орайда, мемлекеттік бюджетті пайдалану кезінде алдын алу және мемлекеттік қаржыны басқаруда сапаны жақсарту шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және әдеп мәселелері бойынша Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаменті ағымдағы жылдың қазан айында Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департаменті мен Астана қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудиттің қатысуымен бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен, мемлекеттік мекемелердің қаржы бөлімдерінің басшылары және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржы қызметкерлерімен бірлескен семинар-кеңес өткізді.

Сонымен қатар ағымдағы жылдың маусым айында департамент қызметкерлерімен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы спикерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің құқық қорғау қызметін қалыптастыру негізіндегі негізгі үлгілік бағытты іске асыруда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын түсіндіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру» тақырыбында семинар өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл мәселесін шешу көбіне біздің қоғамның шоғырлану дәрежесіне байланысты. Осы мақсатта түпкілікті жетістікке жету үшін елдің болашағына бей-жай қарамайтын қоғамдық ұйымдар болсын, күш құрылымдары, атқарушы органдар және басқалар тарапынан нақты реттелген жұмыс пен барлық мүдделі құрылымдардың күш-жігерін біріктіру болмақ.

Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаменті Мемлекет басшысының сыбайлас жемқорлықты ескерту және оның көріністерімен күресті күшейту, мемлекеттік қызметтердегі қаржылық тәртіпті нығайту бойынша алға қойған міндеттерді орындау үшін алдағы уақытта да барлық күш-жігерін жұмсап, барлық қажетті шараларды қабылдайды.

**Гүлжан УНЕРБЕКОВА,**  
Астана қаласы  
бойынша Қазынашылық  
департаментінің басшысы

## НЕГІЗГІ СЕРПІЛІС – СӨЗДЕН ІСКЕ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүйелі негізде бизнесті қорғау бойынша жұмыс жүргізуде. Оның басты шаралары туралы бұқаралық ақпарат құралдарында айтылып жүр. Соның ішінде «Бизнеске жол» жобасы шағын және орта бизнестің түйінді мәселелерін шешуге бағытталған. Яғни кәсіпкерлерге өз ісін табысты жүргізу үшін қажетті құралдар мен ресурстарды қамтамасыз етуге, өңірдегі кәсіпкерлік әлеуетті дамытуға және экономикалық өсуді нығайтуға жәрдемдесуге арналған.

**Айгүл  
УАИС**

Кәсіпкерлерге әртүрлі әкімшілік кедергілерді, құжаттарды ресімдеу кезінде әуре-сарсанды еңсеруге көмектесу, мемлекеттік қызметшілер қабылдайтын шешімдердің мерзімі мен ашықтығын сақтауды қамтамасыз ету. Кәсіпкерлер жерді ресімдеу, саулет және басқа да бақылаушы органдардан рұқсат алу, коммуникацияларды қосу, сондай-ақ мемлекеттік қолдауды (кредит, грант, суб-

сидия) алу кезінде кездесетін нақты проблемаларды шешумен айналысады.

Кәсіпкерлердің құқығын тиісті деңгейде қорғауды қамтамасыз ету және қолайлы кәсіпкерлік орта құру мақсатында бұл бағдарлама өзектілігін көрсетті. Бұл кәсіпкерлердің күнделікті қызметінде кездесетін кейбір мәселелерді жылдам шешіп, қызметтің кідірмеуіне жол ашып, үдерісті жеңілдетуге бағытталған.

Жобаның негізгі бағыттарының бірі – әкімдіктің, мем-

лекеттік органдардың және мүдделі ұйымдардың өкілдері бизнесті қорғау мен дамытуға байланысты өзекті мәселелерді талқылайтын тұрақты кездесулерді ұйымдастыру. Бұл кездесулер пікір алмасу, тәжірибе алмасу, тиімді кәсіпкерлік қызметті қолдау үшін қажетті шараларды қабылдау алаңы ретінде қызмет етеді.

Ресми деректерге қарасақ, 2023 жылдан бастап «Бизнеске жол» жобасы аясында мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас кезін-

де туындайтын әкімшілік кедергілерді жоюда кәсіпкерлерге көмек көрсетілген. Жоба іске қосылғаннан бері 49 мыңнан астам кәсіпкердің құқығы қорғалып, шамамен 800 мәселе шешілді. Биыл 179 іс бойынша 20 мыңнан астам

кәсіпкердің құқығы қорғалды және оларға көмек көрсетілді.

Сонымен қатар кәсіпкерлердің құқығын әкімшілік заңнама аясында қорғау бойынша да жұмыс жүргізілуде. Мысалы, кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласу фактісі бойын-

ша Астана қаласы Байқоңыр ауданында Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының бұрынғы орынбасары жауапкершілікке тартылды. Аталған тұлға кәсіпкерге қатысты заңсыз салық актісін шығарып, шот-фактураларды жазуға шектеу қойып, оның қызметін тоқтатуға мәжбүрлеген. Нәтижесінде сот құқық бұзушыға 258440 теңге көлемінде айыппұл салды.

Жалпы биыл кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін 26 мемлекеттік қызметші әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оларға жалпы сомасы 5 млн теңгеден астам айыппұл салынды.

«Негізгі серпіліс – сөзден іске» жобасының авторлары атап көрсеткендей, ел дамуының басты ойыншыларының арасындағы тәртіп пен талап бизнестің басты жолын құрамақ.



## АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

25.11.2024

№510-3634

## Реквизициялау тәртібінде жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 91-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 1225 қаулысымен бекітілген Астана қаласының апатты және тұрғын үйлерін жаңғырту бағдарламалары, Астана қаласы әкімінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 182-9 «Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы» шешімімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған сызбаларға және 1, 2-қосымшаларға сәйкес 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін мүлік-

ті, оның ішінде жалпы ауданы 2,4379 га жер учаскелерін реквизициялау тәртібінде мәжбүрлеп иеліктен шығару жүргізілсін.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма), осы қаулы жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей, тұрғын және тұрғын емес орын-жайлардың меншік иелеріне жер учаскелері мен жылжымайтын мүліктің алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тұрғын және тұрғын емес орын-жайлардың меншік иелерін көшіруді жүргізісін.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің  
2024 жылғы «25» 11  
№510-3634 қаулысына  
1-қосымша

## Реквизициялау тәртібінде мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелері

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі	Жер учаскесінің ауданы (ш.м)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1.	21-319-013-338	Алтынмемел көшесі, № 3 үй мекен-жайындағы тұрғын үйдің тұрғын үй-жайларының иелері	697	697	Астана қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Алтынмемел көшесі, №3 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
2.	21-319-059-200	Тұрғын үй-жайлардың иелері-орналасқан тұрғын үйдің кондоминиумына қатысушылар Мекен-жайы: Астана қаласы, "Байқоңыр" ауданы, Чехов көшесі, № 3 үй	852	852	Астана қаласы, "Байқоңыр" ауданы, Чехов көшесі, № 3 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
3.	21-319-059-198	Тұрғын үй-жайлардың иелері-орналасқан тұрғын үйдің кондоминиумына қатысушылар Мекен-жайы: Астана қаласы, "Байқоңыр" ауданы, Чехов көшесі, № 1 үй	852	852	Астана қаласы, "Байқоңыр" ауданы, Чехов көшесі, № 1 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
4.	21-318-032-436	Тұрғын үй-жайлардың иелері-орналасқан тұрғын үйдің кондоминиумына қатысушылар Мекен-жайы: Астана қаласы, "Байқоңыр" ауданы, көше Е.Брусиловский, үй № 14/3	433	433	Астана қаласы, "Байқоңыр" ауданы, көше Е. Брусиловский, үй № 14/3	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
5.	21-318-032-438	Тұрғын үй-жайлардың иелері-орналасқан тұрғын үйдің кондоминиумына қатысушылар Мекен-жайы: Астана қаласы, "Байқоңыр" ауданы, көше Е.Брусиловский, № 14/1 үй	471	471	Астана қаласы, "Байқоңыр" ауданы, көше Е. Брусиловский, № 14/1 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
6.	21-318-032-437	Тұрғын үй-жайлардың иелері-орналасқан тұрғын үйдің кондоминиумына қатысушылар Мекен-жайы: Астана қаласы, "Байқоңыр" ауданы, көше Е.Брусиловский, № 14/2 үй	491	491	Астана қаласы, "Байқоңыр" ауданы, көше Е. Брусиловский, № 14/2 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
7.	Часть № 3 21-318-056-126	Абдрахманова Фатима Серикбаевна	1087	1087	Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Железнодорожный тұрғын алабы, Ж. Жабаев көшесі, № 29 үй, № 1 пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
	Часть № 7 21-318-056-126	Қусаинова Жибек Ибрагимовна			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Железнодорожный тұрғын алабы, Ж. Жабаев көшесі, № 29 үй, № 2 пәтер		
	Часть № 4 21-318-056-126	Айтжанов Жабай Жакупович, Айтжанова Райхан Кабидешевна			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Железнодорожный тұрғын алабы, Ж. Жабаев көшесі, № 29 үй, № 3 пәтер		
	Часть № 5 21-318-056-126	Алимбаева Куралай Узбековна			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Железнодорожный тұрғын алабы, Ж. Жабаев көшесі, № 29 үй, № 14пәтер		
	Часть № 6 21-318-056-126	Гуляс Вера Михайловна, Гуляс Олег Васильевич			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Железнодорожный тұрғын алабы, Ж. Жабаев көшесі, № 29 үй, № 5 пәтер		

8.	Часть № 4 21-318-056-123	Тен Андрей Чангимович, Пак Лора Моисеевна	952	952	Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Железнодорожный тұрғын алабы, Ж. Жабаев көшесі, № 26 үй, № 1 пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
	Часть № 3 21-318-056-123	Елеусизова Шолпан Кабышқызы			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Железнодорожный тұрғын алабы, Ж. Жабаев көшесі, № 26 үй, № 2 пәтер		
	Часть № 6 21-318-056-123	Тулегенова Рзакия Токсановна			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Железнодорожный тұрғын алабы, Ж. Жабаев көшесі, № 26 үй, № 3 пәтер		
	Часть № 2 21-318-056-123	Кобдабаева Гулдана			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Железнодорожный тұрғын алабы, Ж. Жабаев көшесі, № 26 үй, № 5 пәтер		
	Часть № 7 21-318-056-124	Баухаев Болат Туганбекович			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Железнодорожный тұрғын алабы, Ж. Жабаев көшесі, № 26 үй, № 8 пәтер		
	Часть № 5 21-318-056-124	Никитина Мирослава Дмитриевна, Никитин Геннадий Геннадьевич			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Железнодорожный тұрғын алабы, Ж. Жабаев көшесі, № 26 үй, № 9 пәтер		
	Часть № 1 21-318-056-124	Қусманова Гулжан Буренбаевна, Каттебаев Мадияр Қуатович			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Железнодорожный тұрғын алабы, Ж. Жабаев көшесі, № 26 үй, № 10 пәтер		
9.	Часть № 1 21-318-129-420	Жакеева Меруерт Амановна, Жакеев Еркен Маратович	3734	3734	Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Мереке көшесі, № 15 үй, № 1 пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
	Часть № 2 21-318-129-420	Алпыспаев Канат Зикенович			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Мереке көшесі, № 15 үй, № 5 пәтер		
	Часть № 4 21-318-129-420	Герр Андрей Сергеевич, Герр Александра Александровна			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Мереке көшесі, № 15 үй, № 6 пәтер		
	Часть № 7 21-318-129-420	Манченко Наталья Валентиновна, Белозубов Игорь Валентинович			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Мереке көшесі, № 15 үй		
10.	Часть № 1 21-318-129-362	Угизбаева Рысқұл Асылбековна, Мырзабеков Бактияр Абдуллаевич	739	739	Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Мереке көшесі, № 24 үй, № 1 пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
	Часть № 4 21-318-129-362	Қусаинов Муратбек Мукатаевич			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Мереке көшесі, № 24 үй, № 2 пәтер		
	Часть № 2 21-318-129-362	Фурсова Любовь Евгеньевна			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Мереке көшесі, № 24 үй		
	21-318-129-362	Хайруллина Айгуль Тургумбаевна			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Мереке көшесі, № 24 үй, № 5 пәтер		
	Часть № 2 21-318-129-362	Сорокина Людмила Дмитриевна			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Мереке көшесі, № 24 үй, № 6 пәтер		
	Часть № 5 21-318-129-362	Бекет Майрагул, Дауитхан Адилбек			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, Мереке көшесі, № 24 үй, № 8 пәтер		
11.	Часть № 7 21-318-067-287	Айдуков Гайфулла Илаитдинович	2025	2025	Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Атамұра көшесі, № 11 үй, № 1 пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік
	Часть № 6 21-318-067-287	Садвақасова Маржан Ералхановна			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Атамұра көшесі, № 11 үй, № 2 пәтер		
	Часть № 9 21-318-067-287	Халитов Наиль Рахматуллаевич			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Атамұра көшесі, № 11 үй, № 3 пәтер		
	Часть № 5 21-318-067-287	Абдрахманов Асхат Еркинович, Габдулина Нұрсая Жаксымбайқызы			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Атамұра көшесі, № 11 үй, № 4 пәтер		
	Часть № 4 21-318-067-287	Контарбаева Мунавара Акимовна, Контарбаев Олжубай Жақенович			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Атамұра көшесі, № 11 үй, № 4 пәтер		
	Часть № 3 21-318-067-287	Контарбаев Бауржан Жақенович			Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Атамұра көшесі, № 11 үй, № 6 пәтер		





## ТІЛЕНДИЕВ ТУЫНДЫЛАРЫ ӘУЕЛЕДІ

Р.Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының үлкен залында Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Қазақ КСР және КСРО халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халық қанарманы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығы қарсаңында «Отырар сазы» шақырады!» концерті өтті.

Кеш көрермендері Н.Тілендиев атындағы «Отырар сазы» академиялық фольклорлық-этнографиялық оркестрі (көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дінзухра Тілендиева, дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Жалғасбек Бегендіков) және Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы симфониялық оркестрінің (көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері – Қазақстанның халық әртісі Абзал Мұхитдин, дирижері – Арман Жайым) өнерін тамашалады. Сондай-ақ халықаралық байқаулардың лауреаты Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы камералық хорының (көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлмира Құттыбадамова) орындауында Нұрғиса Тілендиевтің қазақ музыкасының



алтын қорына енген шығармалары әуеледі.

Концерт барысында ерекше шығармашылық эксперимент ұсынылды: қазақ халық аспаптарының үні мен Еуропа аспаптарының дыбысы үйлесіп, «Vivo per lei», «The Prayer», «Melodramma», «Remember», «She» секілді әлемге белгілі шығармалар және «Шиндлер тізімі» фильмінен композициялар орындалды. Елімізге танымал өнер иелері: Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Светлана Айтбаева мен Азамат Жылтырқозов, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Нұрғалым Аманбай, Фархат Кубиев, Толғанай Пазылақын, Ербол Тәжібаев, дәстүрлі әнші Өзгеріс Шерікбай, халықаралық байқаулардың лауреаты Фируза Рахметова өнер көрсетті. Көрермендер жаңа жарық технологиялары арқылы жүзеге асқан керемет шоуы тамашалады.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**



## ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫНЫҢ ҚАРА НАРЫ

Астана қаласы әкімдігінің Қуыршақ театрында аталмыш өнер ошағының негізін қалаушы, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің оқытушысы Досымхан Бейсенбайұлының 50 жас мерейтойы мен сахналық ғұмырының 30 жылдығына орай «Менің ғажайып әлемім» атты мерейтойлық бенефис өтті.

30 жыл уақытын өнерге, қазақ қуыршақ театрының дамуына, мәртебелі мәдениетіміздің өсіп-өркендеуіне арнаған актер, педагог Досымхан Бейсенбайұлы Т.Жүргенов атындағы Театр және кино институтын Н.Колесникова, Г.Мырзашева және Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор Қ.Ешмұратованың шеберханасын тәмамдады. Еңбек жолын Алматы қаласы Мемлекеттік қуыршақ театрынан бастады. Осы уақытқа дейін сан алуан қуыршақ-кейіпкерге жан бітіріп, көрнекті театр сыншысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әшірбек Сығайдың жоғары бағасын алды.

Өнер кеңістігінде өзгеше өрнек салған Досымхан Бейсенбайұлы – 2007 жылы Астана қаласындағы Жас көрермендер театры жанындағы қуыршақ бөлімінің негізін қалаушылардың қатарынан табылып, 2008 жылы мамандардың жетіспеуіне байланысты ұстазы Құралай Ешмұратовамен бірге Қазақ ұлттық өнер университетінен «қуыршақ театры актері» бөлімін ашып, қазіргі таңға дейін шәкірттер тәрбиелеп отырған ұлағатты ұстаз.

Өнерге қалтқысыз қызметі үшін «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленіп, «Сахнагер-2019» сыйлығы «Үздік қуыршақ театры актері» ата-лығының жеңімпазы атанды.


## ҚЫСҚЫ МАУСЫМ БАСТАЛДЫ

Биыл Астанаға қыс ерте түсіп, қала тұрғындары қысқы спорт түрлерінің маусымына кірісіп кетті. Қараша айының ортасында «Алау» мұз айдынында конькимен жүгіру маусымы ресми түрде басталған болатын. Өткен демалыс күндері орталық саябақта шаңғы тебуден алғашқы жарыс өтті.



Жарысты тұрғындар ұзақ күткен болса керек, іс-шараға жыл сайын қатысушылар өзімен бірге шаңғысын алып келген. Ал бірінші мәрте қызығушылықпен келгендер 2000 теңгеге жалға алып, осы спорттағы алғашқы қадамын жасады.

«Бытыр қыс кеш түсіп, желтоқсан айының аяғында ғана шаңғы тебу маусымын бастап едік. Биыл қар ерте жауып, ауа райы қарашаның өзінде қысқы спортқа қолайлы болып отыр. Мына іс-шарамыз ресми шаңғы маусымының ашылуы деп айта алмаймын. Маусым 18 желтоқсанда басталады. Әйтсе де осы жарысқа 200-дей қатысушы жиналды. Жаман емес. Жазда жүгіру танымал болса, қыста шаңғы тебу тұрғындар тарапынан сұранысқа ие. Спортты серік етіп, демалысты жақсы көңіл күймен өткізіңіздер» деді жарыстың бас төрешісі Дәулет Хамзин.



Енді алдағы уақытта әр апта сайын демалыс күндері орталық саябақта салауатты өмір салтын ұстанатын адамдар мен таза ауада белсенді демалуды ұнататындар арасында шаңғы спортына жарыстар ұйымдастырылады.

Қатысушылар шаңғы тебудің адам денсаулығына пайдалы екенін айтып, ұйымдастырушыларға алғысын жеткізді.

«10 жылдан бері шаңғы тебумен тұрақты айналысамын. Өзім полиция қызметкерімін. Сондықтан осы спорт түрін таңдадым. Аптасына тұрақты түрде 3-4 мәрте тебемін. Шаңғы бүкіл дененің қимылдауына әсер ететіндіктен, қолым да, аяғым да бабында. Осы іс-шараны ұйымдастырып, бізге қолдау көрсеткен жанкүйерлерге алғыс айтамын» деді қала тұрғыны Жомарт Боранбаев.

Орталық саябақта жұмыс күндері кешкі 19:00 мен 21:00 аралығында шаңғыны жалға алып, өз бетіңізше үйренсеңіз болады.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300 **Тапсырыс №144**

Баспаханасы: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 **Редакция мекенжайы:** 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

📞 **Қабылдау бөлмесі:** тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

✉️ **aqsham1990@mail.ru**

Кезекші редактор – **Төлән ТІЛЕУБАЙ**